Сонымен қатар, менеджменттің міндетіне, басшылық етуіне жаңа рыноктарды игеруіне жұртшылықтың мұқтажын қанағаттандыру жатады. Егер кәсіпорын нашар әрі тиімсіз жұмыс істесе, онда оның жаңа қожайыны жұмысшыларды емес, басшыларын ауыстырады. Сонымен, менеджмент дегеніміз – ұжым жұмысын ұйымдастыру. Кәсіпорын жұмысын ұйымдастырғанда қызметкерлер мұқтажын барынша толық қанағаттандыруды, олардың жұмысын жандандыруды әрі тиімділігін арттыруды көздеу қажет.

Сонымен, Медиаменеджменттің екі ұғымы бар.

Бірінші ұғым. Медиаменеджмент – бұл басқару, басшылық ету органы.

Екінші ұғым. Медиаменеджмент – бұл адамдарды басқару (әрекет).

Басқару туралы идеяның тамыры тереңде жатыр. Клод Ст.кіші-Джордждың (басқару саласының американдық теоретигі) «Басқару ойларының тарихы» атты кітабындағы «Басқару континуумы» тарауында біздің дәуірге дейінгі 500 жыл бастап менеджменттің дамуы суреттелген. Ол туралы бірқатар мәліметтер (қысқартылып алынды) төмендегідей:

Жылдары	Жеке тұлға немесе этникалық топ	Менеджменттің дамуына қосқан негізгі үлестері
Біздің дәуірге дейінгі 5000 ж.	Шумерлер	Жазу; фактілерді тіркеу
4000	Мысырлықтар	Жоспарлаудың, ұйымдастырудың және бақылаудың керек екендігін

		мойындау
2600	Мысырлықтар	Басқаруды орталықсыздандыру
1100	Қытайлар	Ұйымдастырудың, жоспарлаудың, басшылықтың және бақылаудың қажеттілігін мойындау
400	Сократ	Менеджмент әмбебаптығының (универсальность менеджмента) принциптерін қалыптастыру
900	әл-Фараби	Басшылыққа талап қояды
1832	Чарльз Баббедж	Ғылыми тәсілдемеге ерекше мән береді; мамандандырудың айырықша маңыздылығын мойындау; еңбекті бөлу; еңбек қозғалысы мен уақыт шығынын зерттеу; өзіндік құндарды есептеу

Бүгінгі дамыған елдерде менеджмент өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды факторлары қатарына жатады. Нарықтық жағдайдағы шаруашылықта оған басты назар аударылады, себебі, менеджмент қосымша капитал салымдарын талап етпей-ақ, шығындарды төмендете отырып жоғары табысқа жетуге мүмкіндік береді. Менеджменттің негізгі мақсаты – басқарудың ең тиімді формаларын қолдану жолымен табыс табу. Сондықтан, нарықтық қатынастары қатаң бәсекелестік жағдайда дамыған елдерде, менеджмент – бизнеспен, кәсіпкерлік қызметпен тығыз байланыста болады. Дамудың жөнді алғышарттарын иелену үшін, басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отыру қажет, сонымен қатар, теория мен тәжірибеде қорланған білімдерді тез игере, өзгермелі жағдайларда – жаңа, қалыптаса қоймаған шешімдерді қабылдай білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Е. М. Менеджмент негіздері. – Алматы. – 1998 ж.
2. Кузнецов К. Б., Подлесных В. И. Основы менеджмента. – Москва. – 1998. - стр. 17
3. Лебедева А. Білім берудегі менеджмент. – Алматы. – 1998. - 51 б.
4. Геронин Н. Япония: что такое пожизненный найм // - Союз. - 1990. - № 17.
5. Ёнемура Н., Х. Цукамото. Опыт послевоенной Японии в реформировании экономики // - ВЭ. - 1992. - №11.
6. Спекончук Ю. В ожидании чуда // - Новый мир. - 1991. - №2.

Мухамедиева Н.Б.,
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика
және қоғаммен байланыс кафедрасының
аға оқытушысы

Дағдарыс кезіндегі интеграцияланған маркетингтік коммуникация

Коммуникация дегеніміз қарым-қатынас, екі және одан да көп адамдардың өзара түсінісуге негізделген байланысы: бір бірінен ақпарат, мәліметтер алмасуы. Маркетингте

барлық коммуникация үрдістері тұтынушыларға арналған, яғни тиімділігін арттыру үшін ойластырылған, жүйелі болуы қажет.

Қазіргі кезге дейін коммуникация түрлерінің белгілеудің талдамасы жасалған жоқ. Бұл ұғымға жарнаманы, өткізуді қолдауды, қоғамдық байланысты және арнайы сатуды жатқызып жүр. Кейбір жағдайларда коммуникация міндетін баға, өнім және бөлу жүйесі атқарады. Дей тұрғанмен маркетинг институттары жалпылама арнайы тұжырымдама бойынша басқарылуға тиіс, тіпті ең жақсы деген үздік жарнаманың берері аз. Кейінгі кезде коммуникацияның маңызының артқандығы атап айтқан жөн.

Маркетинг коммуникациясының келесідей түрлері бар:

жарнама;

сатылымды ынталандыру;

жеке (дербес) сатылым;

PR —қоғаммен байланыс

Коммуникацияның әр элементінеерекше тәсілдер мен әдістер сай. Бірақ бәрінің мақсаты бір – маркетинг концепциясын еңгізу үшін стратегиялық және тактикалық мәселелерді табысты шешуді қамтамасыз ету. Коммуникация элементтерін дұрыс қолдану, тауарды рынокта жылжытуға көмектеседі. Тек қана төменгі шарттарды сақтаумен коммуникация жүйесінің керекті әсеріне жетуге болады:

көзделген шаралар жүйелі түрде орындылуы тиіс;

коммуникация кешенін жоспарлау кезінде тауар ерекшеліктері

мен оның өміршеңдік кезеңдері ескерілуі керек;

Коммуникацияның элементтеріне жеке тоқтап өткеніміз жөн. *Жарнама* – белгілі тапсырыс берген демеушінің атынан тауарды тартымды көрсетуге және жылжытудың түрі. «Жарнама» латын тілінен шыққан, сөзбе-сөз алсақ, «reclamare» – айқайлау деген мағынаны білдіреді

Американдық Маркетинг Ассоциацияның анықтамасы бойынша алып қарасақ «жарнама бекітілген тапсырыс беруші дәл төлейтін тауарлар, қызметтер, идеяларды жылжыту жекеемес түсінік қалыптастырудың «кез-келген» формасы және нақтылы жағдайды есепке ала отырып, барлық анағұрлым тиімді тәсілдер мен әдістерді қолдана, потенциалды тұтынушылардың назарларын жарнамалау объектісіне аудару үшін қызмет етеді».

Қоғаммен байланыс – фирманың табысты қызметінің тәуелді болатын барлық жақтарынан ізгі қарым-қатынастарды және престижді қамтамасыз ету мақсатымен жүргізілетін кез-келген коммуникация. Ал фирманың қызметінің жемісті болуы: өзінің қызметкерлер, клиентура, үкімет, қоғам, тұрғылықты халықтың басым тобына тәуелді болуы мүмкін. Жалпы айтқанда, паблик рилейшнз деген ұғым фирманың бейнесінен оны қалыптастыратын факторларға тікелей қатысы бар әрекеттерді қамту.

Қазіргі таңда интегралданған маркетингтік коммуникация (ИМК) тұжырымдамасын қабылдаған компаниялар көбеюде. ИМК-компания және оның өнімі туралы тұтынушылардың сенімі мен оң көзқарасын қалыптастыру мақсатында жасалатын коммуникация арналарының (PR және жарнама, дербессату,) жұмысын жүйелі жүргізуге бағытталған тұжырымдама. Интеграция-ланған маркетингтік коммуникация дегеніміз – ортақ мақсаттағы маркетингтік коммуникацияның барлық түрлерінің біріктіріп қолдану концепиясы. Бұл жағдайда коммуникация түрлері бірін-бірі толықтырып отырады. Синергиялық эффект пайда болғандықтан маркетингтік коммуникация нәтижесі тиімдірек болады

Дағдарыс жағдайын басқару дегеніміз көп қырлы процесс болып табылады, ол адамзат қызметінің түрлі салаларын қамтиды және біріктіреді. Оның түрлі кезеңдерін ерекшелеуге, оның құрлымдарын сипаттауға, оның сатыларын атап көрсетуге болады. Бірақ егерде дағдарыс туындаған болса, онда бәрі біз бұрын көрмегендей жүрмегендігін және әр қайталанғанда әртүрлі болатынын көреміз.

Дағдарыс құбылыс ретінде әрқырлы, сондықтан оны зерделеумен түрлі ғылыми бағыттар айналысады, мысалы: тарихшы, саясаткерлер, психологтар, философтар, экономистер, заңгерлер. Сондықтан осы мәселені зерттеу бойынша ғылыми амалдардың көп болуы таңқаларлық жағдай емес. Оның үстіне, антидағдарысты басқару жөнінде мамандар арнайы әзірленеді, оларға талап өте жоғары болады.

Қоғаммен байланыс мамандары табиғи дағдарыстың әлеуметтік салдары және әлеуметтік сипаттағы дағдарыспен жұмыс істейді. Олардың міндеті осы дағдарыстың алдын алу, қауіпті қоғамдық салдардың шешуіне немесе бодырмау екені түсінікті.

Қоғаммен байланыстың әлемдік тәжірбиесі әлеуметтік дағдарысты белгілі бір жағдайда көруге болатындығын және адамми факторлармен пайда болатындықтан, оның ағымын басқаруға болатындығын дәлелдеді. Сондықтан олардың барлығының ортақ қыры бар. Бұл дағдарыстар театрдағы драма сияқты, жанры бір алайда оқиға желісі әртүрлі.

Дағдарыстың қаупі әрқашан да болады, сондықтан дағдарысты жағдайдың пайда болуының белгілерін білу және оларды шешу мүмкіндігін бағалау өте маңызды.

Дағдарыстың алдын-алу – бұл басқарылатын үрдіс. Бұны адамдардың, өндірістің және экономиканың даму тарихында болған көптеген дағдарыстар растайды. Басқарудың сәттілігі дағдарысты, оның басталуының белгілерін уақытысында танып білуге байланысты. Дағдарыстың белгілері, ең алдымен, оның технологиялық керек-жарағы бойынша сараланады: ауқымы, проблематикасы, даму аумағы, себептері, мүмкін салдары, көрініс фазалары.

Дағдарыс-қоғамдық экономикалық жүйедегі қарама-қайшылықтардың шиеленісуі. Бұл кәсіпорынның даңқы үшін, оның қаржылық тұрақтылығы, жекеменшігі үшін нағыз сынақ. Дағдарысқа қарсы басқару процесі-дағдарыстың алдын алуында, дағдарыс жағдайында жұмыс істеуінде және одан шығуында. Мақсаты- кәсіпорынның қаржы жағынан тұрақтылықпен қамту болып есептеледі, ал ерекшелігі-мекеменің қаржылық сауықтыру шараларын ұйымдастыру. Кәсіпорын мен дағдарыс жағдайының мәселелері дағдарыстың пайда болу себепіне және мән-жайына байланысты. Дағдарыстың белгілері(жеке көрсеткіштердің төмендеуінің алғашқы көріністері) мен факторларына (көпшілік немесе барлық көрсеткіштердің төмендеуі) себепші болушы құбылыстар мен оқиғалар дағдарыстың пайда болуына әкеп соғады. Осы белгілерді дер кезінде табу оны жеңіп шығудағы бірінші қадам. Ал мүмкіндігінше алдын алудың бірден-бір жолы. Дағдарыстың пайда болуының белгілері көп, дегенмен кейбіреулерін ерекшелеп көрсетуімізге болады:

- 1) Маңызды ақпараттың жетіспеушілігі;
- 2) Стратегиялық маңызды серіктесті жоғалту;
- 3) Кәсіпорынның дербестігін жоғалту (немесе оның қаупі);
- 4) Кәсіпорынның беделінің түсуі;
- 5) Өнімнің тұтынушылардың талаптарына сай келмеуі;
- 6) Заңнаманың немесе жоғары басқарманың қолайсыз өзгеруі;

Дағдарыстың кейбір белгілерінің алдын алу мүмкін емес. Алайда, дағдарыстың толғағы жеткен сәтте тек констацияға болады. Дағдарыс нарықта жұмыс істеу уақытына, сатылым көлеміне, қызметкерлер санына байланысты пайда болады деген пікірлер бар. Олардың әрқайсысына жеке фактор ретінде қарастырымыз. Статистика бойынша бизнесті басқарудағы қиындықтар кәсіпорынның нарықта жұмыс істеу ұзақтығы болып есептеледі екенін көрсетеді: бірінші уақытша дағдарыс-компанияның қаржылық тұрақтылығы мен оның қаржылық басқаруына байланысты; ал екіншісі-көп жағдайда қоғаммен байланыс және менеджментпен байланысты. Бұл жердегі негізгі түсініктер-мақсат, миссия, құндылықтар және т.б; регламенттенген бизнес процестер; басқарушылық және ұйымдастырушылық құрылымдар; PR менеджерлердің жұмысы.

Біз теледидардан немесе газет-журналдардан бір компанияның дағдарысқа ұшырағанын, ол компания басшылығы үшін аяқ асты келгенін біліп, естіп жатамыз. 500 америкалық ірі компаниялардың басшыларынан алынған сауалнаманың қорытындысы

көрсеткендей, көптеген компаниялардың менеджерлері мүмкін дағдарысқа жақсы дайындалмайды, осыған қарамастан дағдарыстан аман шығатындықтарына сенімді. Сұралғандардың 89% бизнестедағдарыстан қашып құтылу мүмкін емес, сонымен қатар олардың 50% дағдарыс болған жағдайда ешқандай жоспары жоқ екендіктерін айтқан. Алайда жауап бергендердің 97% дағдарыс кезінде дұрыс әрекет ететіндіктерін айтқан.

Әлемдегі көптеген ірі компаниялар дағдарысқа дер кезінде және дұрыс әрекет етпегендігінен жоқ болып кетті. Соңғы кездері дағдарыс және жол апатының саны күрт өсті. Және олардың салдарынан адам өлімі жиі болады. Дағдарыс бұрақалық ақпарат құралдары үшін бірден жаңалыққа айналады.

Дағдарыстың түрлері өте көп. БАҚ та бір күнде компанияның банкрот болғаны, әуеапаты, адамдардың улануы туралы ақпарат шығуы мүмкін. Алайда егер туындаған жағдайдан ақылмен шыға білсе, онда дағдарыстан компания өзіне пайда табуы мүмкін. Сондықтан басты сұрақ, дағдарыстық жағдай компанияның жағдайын нашарлатудың орнына, керісінше оның пайда табуы үшін қандай әрекет жасау керек. Осы үшін де дағдарысқа қарсы қоғаммен байланыс жұмыс істейді.

Кәсіпорында дағдарыс туындаған жағдайда одан шығу үшін дағдарысқа қарсы басқару амалдары қолданылады. Экономикалық әдебиеттерде дағдарысқа қарсы басқаруға байланысты көптеген анықтамалары бар. Кейбір мамандардың пікірінше, дағдарысқа қарсы басқарудың «белгілі бір борышқор кәсіпорынның дағдарысқа қарсы қолданатын нысандары мен әдістерінің жиынтығы» деп түсінеді. Дағдарысқа қарсы басқару микроэкономикалық категория деп есептеледі және кәсіпорынның банкротқа ұшырауы мен қайта жандануына қатысты өндірістік байланыстарды қамтиды. Ресейдің экономист-ғалымы Э.А.Үткиннің айтуынша, дағдарысқа қарсы басқару дегенде, кәсіпорынның нарықтық қызметінде қиыншылықтардың болмауына, оның жеке қаражатына негізделіп, кеңейтілген, үнемі өндіріске, тұрақтылыққа бағытталған басқару.

Қарап отырсақ, қазақстандық қоғаммен байланыс мамандары соңғы он – он бес жылдың ішінде ғана пайда болған, олар өз тәжірибелерінесүйеніп өсіп келе жатыр. Бұқарамен байланыс бөлімдерінде қызметін бастаған мұндай мамандар қазір Үкіметте жұмыс істейді. Кейбірі Директорлар кеңесі мүшелігіне өтті, тіпті енді біреулері компаниялар мен бүтін холдингтерді басқарып отыр. Әртүрлі шешім қабылдауда орасан зор жауапкершілікке ие мамандық иелерінің мәртебесі көз алдымызда көтеріліп келе жатқанын жоққа шығаруға болмайды.

Дауренбекова А.А.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Журналистика факультетінің
аға оқытушысы

Жаһандану үдерісіндегі халықаралық ақпараттық қауіпсіздік

Әлемдік ғылыми-техникалық прогресс жаһандық ақпараттық төңкеріспен, яғни жаңа ақпараттық технологиялармен және телекоммуникацияның жаһандық құралдарын қарқынды түрде дамытумен байланысты. Қоғамның барлық салаларына ене отырып, ақпараттық төңкеріс халықаралық серіктестіктің даму мүмкіндіктерін кеңейтеді, ақпарат ұлттық құндылықтың, оның стратегиялық ресурсының маңызды элементінің қасиеттеріне ие болатын жаһандық ақпараттық кеңістікті қалыптастырады.

Сонымен қатар, мұндай үдерістің ақпараттық саладағы жетістіктерді әлемдік тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау, мемлекеттердің егеменді теңдігінің ұстанымдарын сақтау, даулар мен қақтығыстарды бейбіт шешу, күш пайдаланбау, ішкі істерге араласпау,

адам құқығын құрметтеу міндеттерімен сәйкес келмейтін мақсаттарда пайдаланудың шынайы қауіпі де пайда болады [1].

1999 жылғы 10 тамыздағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 54-сессиясында БҰҰ Бас Хатшысының «Халықаралық қауіпсіздік контекстіндегі ақпараттандыру және телекоммуникация саласындағы жетістіктер» баяндамасында жаңа ақпараттық технологиялардың есебінен мемлекеттердің әскери потенциалының артуы күштердің жаһандық және аймақтық теңгерімінің өзгеруіне, күш және ықпал етудің дәстүрлі және туындап отырған орталықтары арасында қарбаластың пайда болуына әкеледі. Халықаралық аренадағы күрестің жаңа саласы қалыптасып, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктердің негізінде қаруландырудың жаңа қатері қалыптасуда. Оған қоса, жеке мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздік саласы да, аймақтық және жаһандық деңгейлердегі халықаралық ұжымдық қауіпсіздіктің жалпы жүйесі де мәселе тудырып отыр [2].

«Ақпараттық қауіпсіздік» ұғымының мазмұнын анықтау кезінде бір заңгерлер (В.Л.Ярочкин, В.Н.Сальников), бұрындары ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ақпаратты (онда да барлығын емес, тек мемлекеттік және қызметтік құпияны) қорғауға ғана келіп тірелетіндігін қате басшылыққа алады, олар инерциясы бойынша екі ұқсамайтын ұғымды- ақпарат қорғанысы мен ақпараттық қауіпсіздікті сәйкестендіреді, дегенмен де бүгінде бұл екі ұғым бір емес [3]. Өзгелері болса (А.А. Прохожев, Н.А.Чуканов), ақпараттық қауіпсіздік жайлы айта отырып, бұл терминді компьютерлік желілердегі деректердің сақталуы, қолжетімділігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге арналған аппараттық және бағдарламалық құралдардың жиынтығы ретінде тар мағынада қолданады. Олардың пікірінше, 1970-жылдары компьютерлік қауіпсіздік деп, ал 1980-жылдары- деректер қауіпсіздігі деп аталған дүние қазір де ақпараттық қауіпсіздік деп аталады. Ал ақпараттық қауіпсіздік деп олар «ақпаратты рұқсатсыз қолжетімділіктен, бұзудан, модификациялаудан, ашудан қорғау бойынша шараларды» атайды [4]. Оған қоса, бұл жерде «сыни деректер» термині пайдаланылады, оның астында деректерді кездейсоқ не қасақана жариялау, өзгерту не бұзу орын алатын жағдайда залал (қатер) келтіру ықтималдылығынан және оның көлеміне байланысты қорғауды қажет ететін деректер меңзеледі.

Ғалымдардың үшінші тобы (В.А. Галатенко, В.К. Левин) жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігінің қалпы, негізінен, екі фактормен: азаматтардың ақпараттық-психологиялық қанағаттандырылуы және жағымсыз (қасақана немесе кездейсоқ) ақпараттық-психологиялық және ақпараттық-техникалық әсер етумен анықталады деп есептейді [5].

Ақпараттық қауіпсіздік терминінің астарында ақпараттық саладағы елдің ұлттық мүдделерінің (тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің теңдестірілген негіздегі маңызды мүдделерін) сыртқы және ішкі қатерлерден қорғалу қалпын түсіну ұсынылады/керек [6]. Бұл «Қауіпсіздік туралы» Заңның логикасына және ұлттық қауіпсіздік Концепциясының мазмұнына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (40 бап) ҚР Президенті ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бағыттарды да анықтайды [7]. ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауларының (1997, 2000-2004, 2006, 2012, 2014 ж.) және ҚР Президентінің 2012 жылғы 6 қаңтардағы №527-IV бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңының, 2011 жылдың 4 қарашасындағы ҚР Президентінің бұйрығымен бекітілген ҚР Ақпараттық қауіпсіздік Тұжырымдамасының талдауының негізінде, негізгі мүдделер мен оларға ақпараттық салада төнетін қатерлер, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері мен ұстанымдары анықталды [8].

Ақпараттық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің маңызды элементтерінің біріне айналуда. Оған қоса, мәселе деректер базасын рұқсатсыз қолжетімділіктен қорғау жайлы

ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттің ақпараттық ресурстарының қызмет етуінің жалпы ұстанымдары, транспорт, энергетика, өнеркәсіп, мемлекеттік басқару ұйымдарын қамтамасыз ететін маңызды ақпараттық және телекоммуникалық жүйелердің қорғанысы жайлы да болып отыр [9]. Яғни, ақпараттық қауіпсіздік өз құрамында дамыған аудиобейне өнеркәсібі бар мемлекеттердің тарапынан мәдени экспансияның қарама-қарсылығын, ұлттық және тілдік ерекшелікті сақтау сияқты проблемаларды қамтиды. Қазақстанда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдерінің қалыптасуындағы маңызды рөлді ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы ілімі атқаруы тиіс.

Осыған орай, азаматтық және әскери ақпараттандырудың бейбіт үдерістерін халықаралық-құқықтық реттеу, ақпараттық қауіпсіздік проблемасы бойынша әлемдік қауіпсіздік мәселелеріне жауап беретін және мақұлданған халықаралық платформаны құрастырудың анық қажеттілігі пайда болып отыр.

Халықаралық қауымдастықтың осы бағыттағы әргі әрекеттерінің негізі 1998 жылдың 4 желтоқсанында консенсуспен қабылданған Бас Ассамблеяның 53/70 «Халықаралық қауіпсіздік контекстіндегі ақпараттандыру және телекоммуникация саласындағы жетістіктер» резолюциясы бола алады. Оның жобасы Ресей Федерациясының инициативасы бойынша енгізілді.

Істі әрі қарай Бас Ассамблеяның лаңкестік немесе қылмыстық, сонымен қатар әскери сипаттағы қатерлерді шектеу бөлігінде нақтыланған ақпараттық қауіпсіздік проблемасы бойынша резолюцияларды қабылдауына жеткізу керек.

Барлық позициялар мен көзқарастарды анықтау және оларды идеяның жалпы әрі қарай жылжуын ескеру мақсатында ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жағдайларды ортақ қарастыруды жалғастыру керек.

Жалпы тенденцияларды анықтай отырып, істі халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған, бастапқы кезде көптарапты декларация түрінде, кейіннен - көптарапты халықаралық-құқықтық құжат формасында бекітілетін болатын халықаралық ұстанымдарды (режимді, мемлекеттердің әрекет кодексі) құрастыруға апару керек. Осы мәселелерді қарастыруды қарусыздану бойынша Женевалық конференцияның шеңберінде жүргізу де орынды.

Оған қоса, бұл жерде халықаралық қауымдастықтың жоғарыда аталған ұстанымдарды кешенді түрде, яғни әскери, лаңкестік немесе қылмыстық сипаттағы қатерлерді және әскери де, азаматтық салаларға да қатысты қарастыру және қабылдау қажеттілігін ескеру керек.

1. General A/54/213, 10.XIII.1999, n 71.
2. General A/54/150, 10.XIII.1999.
3. Ярочкин В.И. Информационная безопасность. Уч. пос. М.: 2000г.
4. Введение в информационную безопасность. Компьютеры: преступления, признаки уязвимости и меры защиты. М.:1998г.
5. Галатенко В.А. Информационная безопасность.// БИКИ №1 (15), 1996г.
6. Бачило И.Л., Лопатин В.Н., Федотов М.А. Информационное право. С.-Петербург, 2001г.
7. ҚР Конституциясы. 40 бап. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>.
8. Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U060000199>
9. Мелюхин И.С. Информационное общество: истоки, проблемы, тенденции развития. М.: 1999г.

Әлімжанова А.Б.
Сапарходжаева Н.П.

ЖАҢА МЕДИАНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТКЕН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

Интернеттің дамуына әсер еткен күрделі фактор әлеуметтік медианың пайда болуы мен әлеуметтік желінің белсенділігі. Әлеуметтік медиа – интернет-технология мен мобильді интернетті пайдалана отырып, интерактивті диалогқа айналып отыр. Әлеуметтік желі жаңа заман журналистикасына жаңа бағдар әкелді. Ақпаратты әлеуметтік желі арқылы таратып, қоғамдық пікірді білуге болатын деңгейге көтерілді. Әлеуметтік желі арқылы ақпараттың тарауы агенттіктер мен БАҚ-тан бұрын, жылдам әрі, өте кең аудиторияға таралуда. БАҚ-тың электронды нұсқасқалары да жылдам, әрі сапалы контент беруге машықтанып келеді.

Бүгінде газетті немесе эфирден болатын хабарды күтудің қажеті жоқ. Қалаған уақытта ғаламтордан қарап алуға болады. Әлеуметтік желідегі белсенділік «Азаматтық журналистикаға» жол ашты. Кез-келген қолданушы болған оқиғаны суретке, бейнеге түсіріп тарату арқылы өзі ақпарат таратушы рөліне енуде. Твиттер мен фейзбук әлеуметтік желілері ақпаратты тарату және қабылдауды жеңілдетіп, пікір алмасу арқылы оқиғаны талқылауға жол ашты. Бұл оқырманмен кері байланыс орнатудың ең тиімді жолы болып қалыптасты.

Азаматтық журналистика – ақпарат жинауда, есеп беруде, сараптама жасауда және [жаналық](#) таратуда белсенді рөл атқарады. Азаматтық журналистика – БАҚ арқылы ақпарат таратудың үздіксіз процесін қарқынды етуге көмектеседі. Зерттеуші Джей Ди Лассика азаматтық журналистикадағы БАҚ-ты былайша сараптайды:

-аудиторияның қатысуы (мысалы, [интернеттегі](#) мақалаға қосылған оқырманның пікірі, веб-күнделіктер, [ұялы телефондардағы](#) камераға түсірілген бейне, аудио-[файлдар](#), жергілікті тұрғындардың жаңалықтары);

-тәуелсіз жаңалықтар мен ақпараттық сайттар;

-жаңалық жариялайтын сайттардың әлемтор ([интернет](#)) пайдаланушыларды ақпарат жинауға қатыстыру;

-жеке сайттар; [1]

Осылайша сайтта, әлеуметтік жүйенің жеке бетінде немесе блогта бейне, аудио, мәтін өнімдерді орнатып, басқалардың жүктеп алуға немесе өзінікін қосуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілердегі (вконтакте, фейзбук, твиттер т.б.) сілтеме арқылы бөлісіп өзінің пікірін қосып жариялаған материалдарды мысалға алуға болады.

Сайт жасау мен оның дизайнерлік құрылымын жасау қазақстанға кеш келді. Енді ғана қолға алынып дамып келе жатыр. Осындай мамандардың біліктілігінің артуы қазақ интернетінің өркендеуіне үлес қосты. Ең алғаш қазастанда интернет жасаушы мамандар тапшы болса, қазір олардың санына жету мүмкін емес. Олардың қатарында блогер-бағдарламашылар Аршат Ораз, Садық Шерімбек, Ербол Серікбай, Нұрлан Жанай, Тимур Бектұр т. б. IT салада үлкен белестерді бағындырды. Сайт жасаушы редакторларды веб-маман деп атап жүр. Бұл терминді алғаш енгізген интернеттің атасы Тим Бернерс-Ли [2].

Веб-маман – бірнеше кәсіпті игерген әмбебап маман. Басты қызметі – түрлі веб процестерді дамыту, оңтайландыру, қызмет көрсету және сапасын бақылау. Оған манадай мамандар: [веб-дизайнер](#), [веб-әзірлеуші](#), [веб-шебер](#), [веб-беттеуші](#), [веб-архитектор](#)лар кіреді [3]. Веб-маман қазіргі электронды баспасөздегі веб-редактор. Сонымен қатар контент-менеджер, контент-редактор сияқты мамандық атаулары пайда бола бастады.

БАҚ-ты жаңа формамен толықтырып журналистиканың шекарасын кеңейткен азаматтық журналистиканың маңызды саласы – блогтар. Нью-Йорк Университетінде журналистиканы оқытушы маман Джэй Роузеннің айтуынша: «Азаматтық [журналистер](#) – біз бұрын аудитория деп атаған адамдар». Бұл сөздер бүгінгі [блогтарға](#) баға береді. Себебі [блог](#) жазатындар өзі қызықтайтын немесе зерттейтін салада материал жариялайды.

Дэн Гиллмор «Азаматтық журналистика - бұл адамзат үшін адамдармен жасалынған журналистика» деп жазды. Мұны қарапайым адамдардың медиа мәтін жасау процесі деп атауға болады. Олар жинаған жаңалықтарын өздерінің көргені төңірегінде топтастырады [4].

Блог – ағылшын тіліндегі *blog, web log* сөзінен «желі журналы немесе оқиға күнделігі» деп аударылады. Қазіргі уақытта веб күнделік деп аталып жүр. Веб күнделік болған оқиға жайлы болмаса кез-келген тақырыпқа жазылатын қысқаша ақпарат беретін шығарма. Блог жазатын маман, веб күнделік жүргізуші блогер.

Блок авторлары бойынша:

Дербес (авторлық, жеке) блог – жеке бір адамдармен жүргізіледі (ереже бойынша оның иесімен).

Жасырын блог – аты анықталмаған адамның бөтен адамның атынан блогты жүргізу.

Корпоративтік блог – бір серіктестіктің қызметкерлердің блогы жүргізілуі.

Тақырыптық бағыты бойынша:

Көп жағдайда дербес блогтар жеке сипатқа ие болады. Бірақ коллективтік және корпоративтік орталардағыдай дербес блог орталарының мамандырылған, яғни белгілі бір өмір сфераларына арналған блогтар болады:

Саясат – саясатқа арналған блогтар. Әдетте саяси блогтарды көшбасшылар саяси партиялар мен саяси бірлестіктердің бірлестіктері, саясаткерлер жүргізеді.

Тұрмыс – әдетте бұл адамдар арасындағы қарым қатынас проблемеларын, психологияны, үй шаруашылығын жүргізу - яғни «тұрмыс», «жеке өмір» түсініктерімен байланысты проблемаларды қарастыратын блогтар.

Саяхат – белгілі бір елде өз-өзін қалай ұстау туралы кеңес беретін және басқа ұлттардың салт-дәстүрлері туралы айтатын авторлардың өзінің сапарларынан алған әсерлерімен бөлінісетін блогтар.

Білім – оқу тақырыбына арналған блогтар. Әдетте ол белгілі бір оқу орындарының блогтары. Бұл блогқа қатысушылар білім беру процесін, білім проблемаларын қарастырады.

Сән – сән әлеміндегі жаңалықтар, трендтер, сәнді көрсетілімдерін талқылайтын блогтар. Бұл блогтарда мамандардың пікірлерін, стилистердің кеңестерін және сәнге құмар адамдардың пікірлерін оқуға болады.

Музыка – авторлар өзінің музыкалық сүйіспеншілігін, музыкалық әлемдегі жаңалықтарды талқылайтын блогтар. Музыкалық блогтар – белгілі бір музыкалық бағытқа арналуы мүмкін және әртүрлі музыкалық жанрлар мен стильдерді жарыққа шығарады.

Мультимедианың түрі бойынша:

Мәтіндік блог – негізгі мазмұны мәтін болып табылатын блог.

Фотоблог – негізгі мазмұнын фотографиялар құрастыратын блог.

Музыкалық блог – негізгі құрамы музыка құрастыратын блогтар.

Подкаст және блогкастинг – негізгі мазмұны МР3-файл түрінде қаланатын блогтар.

Видеоблог – негізгі мазмұны видеофайл түрінде көрсетілген блогтар.

Мазмұндық ерекшеліктері бойынша:

Контенттік блог – бастапқы авторлық контентті баспаға шығаратын блог.

Мониторингтік (сілтемелік) блог – негізгі контенті басқа сайттарға комментарийден өткен сілтемелер болып табылады.

Дәйексөз блогы – негізгі контенті басқа блогтардан алынған дәйексөздер болып табылады.

Тамблелог - негізгі контентінде аса маңызды ақпарат болмайтын, қойын кітапшасы секілді блогтың шағын түрі.

Сполг– спам-блог.

Техникалық негізі бойынша:

Stand alone блогы – жеке хостингтегі немесе қозғалтқыштағы блог.

Блог-платформадағы блог – блог-қызмет күшімен жүргізілетін блог.

Қазақстандағы танымал блог платформалар: <http://massaget.com>, <http://blogtime.kz>, <http://yvision.kz> т.б. Блогтардың салаға бөлінуі салалық журналистикаға жол ашты. Веб-күнделікті әркім жүргізе алатын болғандықтан, азаматтық журналистикаға серпін берді. Интернет – бәсеке мен пікір алмасу ортасына айналуы қоғамдық пікірлермен танысуға мүмкіндік берді. Блогтық жазбалардың барлығын журналистер жазу міндетті емес. Әркім өз саласының білікті маманы ретінде жазба қалдыра алады. Сонымен қатар азаматтық пікірін де білдіре алады.

Азаматтық журналистиканың қоғамдағы белсенділігін арттырған мобильді интернет пен әлеуметтік желілер. Әлеуметтік желілер ақпаратқа сілмете қою мен өзі көрген түсірген материалды жариялауға ықпал жасаса, мобильді интернет ұялы телефон арқылы әлеуметтік желідегі белсенділікті қамтамасыз етті. Қазіргі ұялы байланыс түрлерінің барлығының мобильді интернетті қосу мүмкіндігі жоғары. Заманауи қалта телефондары даму үстінде. Олардың бағдарлама мәзірінің мүмкіндігі артқан сайын ғаламторға ұялы телефон арқылы кіретіндердің саны өсті. Зерттеушілердің мәлімдеуінше, бүкіл әлемде әлеуметтік желі қолданатын азаматтардың 47 пайызы оған ұялы телефон арқылы кіреді. Facebook-ті айына шамамен 200 миллион Android, 150 миллион iPhone бағдарламалары арқылы пайдаланған.

Facebook – әлемдегі ірі әлеуметтік желінің бірі. Оның негізін 2004 жылы Гарвард университетінің студенттері [Марк Цукерберг](#) пен оның достары [Эдуардо Саверин](#), [Дастин Москович](#) және [Крисо Хьюз](#) қалады.

Алғашында веб-сайт Thefacebook деп аталып, тек Гарвард университетінің студенттеріне қол жетімді болды. Кейіннен АҚШ-тың өзге оқу орындарында тіркеуге мүмкіндік жасалды. 2006 жылдың қыркүйегінен бастап сайтқа 16 жасқа толған, электорнды почтасы бар барлық интернет қолданушылар тіркелді.

2014 жылы шілдеде Facebook-ті қолданушылар саны 1,32 миллиардқа жетті. Наурыз айындағы тәулегіне кірген аудитория 720 миллион адам. Айына 810 млн адам Facebook-тің мобильді нұсқасын қолданады [5].

Твіттер ([ағыл. Twitter](#) — «сұхбат», «сөйлеу») — әлеуметтік желісі веб-интерфейс, [SMS](#) арқылы барлық жастағы қолданушыға қысқа (140 символға дейін) қоғамдық ақпараттарды таратуға ыңғайлы. Жарық көрген қысқа заметкалар «[микроблоггинг](#)» деп аталады.

Твиттер жүйесінің иесі [Twitter Inc](#) компаниясы. Компанияда 900 қызметкер жұмыс істейді. Жобаны [Джек Дорси](#) 2006 жылы жасады. 2011 жылы желіні 200 млн тұтынушы, айына 100 млн адам белсенді қолданады. Олардың 55 пайызы мобильді байланыс арқылы, 400 млн twitter.com сайтына қарайды [6].

«*ВКонтакте*» ([vk.com](#)) — [Mail.Ru Group](#)қа тиесілі Европадағы ірі әлеуметтік желі. [SimilarWeb](#) мәліметі бойынша «ВКонтакте» Ресей мен Украинадағы ең танымал желі. Әлем бойынша алтыншы орында. Ал [Alexa Internet](#)-тің мәліметіне сүйенсек Белоруссияда үшінші, әлем бойынша 24-ші орында. Жоба 2006 жылы қазан айның 10 күні жұмысын бастады [6].

Алғаш ресурс Ресейдегі ЖОО түлектеріне арналып жасалды. Кейін, «желідегі заманауи, жылдам және тиімді желі» болып қалыптаса бастады. 2014 жылдың қаңтар айында «ВКонтакте» желісінің аудиториясы 60 миллионға жетті. 2015 жылы күніне 70 миллион адам кіретін үлкен желіге айналды. Директоры бүкіл Ресейлік мемлекеттік теле-радио компаниясының директоры [Олега Добродеевтың](#) ұлы [Борис Добродеев](#) (2014 жылдан бері).

Әлеуметтік желілер азаматтық журналистикаға сүбелі үлес қосқанымен, олардың да өз миссиясы бар екенін естен шығармау керек. Мұндай желілер арқылы қауіпсіздік комитеттері астыртын бақылау орнатып, өзге елдегі ақпарат арқылы тыңшылық

жасайтынын айтуға болады. Оған дәлел 2013 жылы болған Сноуден оқиғасы. Сол жылы Facebook парақшасынан жалпы саны 11 миллион қолданушы бас тартқан болатын. Оның 9 миллионға жуығы АҚШ азаматтары, ал, 2 миллионы британдық әлеметтік желідегі өз аккаунттарын жойды. Оның себебі, американдық барлаушы Эдуард Сноуденнің американың ұлттық барлау басқармасы тіркелген азаматтардың еркінен тыс бақылайтынын жариялаған болатын.

Біз қолданып жүрген әлеуметтік желілердің барлығы өзге мемлекетке тиесілі. Сондықтан, онда бақылаудың болу мүмкін екенін саналы түрде байқауға болады. Фейсбук немес Вконтакте әлеуметтің желісін қолданушының посты мен достарымен сөйлескені сол сайттың басқармасына көрінетіні анық. Жазбалар мен желідегі басқа қолданушылармен байланыс, пікір алмасуды саралап қоғамдағы мәселелердің төркінін білуге болады. Сол арқылы қазақстанның іші мәселеріне араласуға, жалпы мемлекеттің қандай екенін бақылап отыруға таптырмас құрал.

Қазіргі уақытта әлеуметтік желіні қолданбайтын адам кемде-кем. Бірі ақпарат алу үшін қолданса, екінші біреу байланыс арқылы қолданады. Енді біреулері ақпарат тарату үшін т. с. с. жалғастыра беруге болады. Қазақстанда фейсбук желісінде орта жастағы ұлтжанды, демократияшыл азаматтар өз посттарын жазса, вконтактеде көбіне жастар отырады. Соңғы кездері ерекше қарқынмен дамып келе жатқан тағы бір әлеуметтік желі Инстаграм. Инстаграмның өзге желілерден ерекшелігі ондағы ақпараттың барлығы сурет және қасқаша бейнеролик ретінде берілуінде. Байқасаңыз инстаграмда жарнама жасау да қалыптасып келеді. SMM маркетинг де осы желіде дамып келеді. Яғни, әлеуметтік желілер жарнама тарату құралы бола алатынын көруге болады. Дегенмен, медианың дамуы ғаламтормен тығыз байланысты. Интернет арқылы медианың қанат жаяуы көптеген өзгерістер әкелгенін байқадық.

Қорыта айтқанда, қазір интернеттің араласпаған саласы қалмады. Ол ақпараттық қоғамның өркендеуі сіз бен біздің қолымызда. Ол үшін сапалы контент, сараптамалық, ғылыми тұжырымдамаларды да, зерттеу мақалаларды да үнемі жариялап, жастарға үлгі-өнеге көрсетпесек, жаңа медианы тек әлеуметтік желі ретінде қабылдап кетуі мүмкін. Мәселен, G-Global ғылыми-зерттеу платформасының қазақша нұсқасын дамытар болсақ, әлеуметтік желі арқылы дайын ғылыми көзқарастар мен зерттеу нәтижелерін таныстыратын орта. Осындай ірі жобаларды қазақстандық ғылыми қызметкерлер жаппай қолданар болса, бүгінгі журналистика саласында қызмет етіп жүрген ғалымдардың еңбектері аз оқылатын конференция жинақтары мен түрлі ғылыми жиындардың баяндамаларымен шектелмес еді. Медиа зерттеулерді қарқынды дамытып, бүгінгі жас журналистерге дұрыс бағытты ұсыну керек. Сонда ғана жаңа медиа теориялық және тәжірибелік жағынан дамиды.

1. От традиционных к онлайн-медиа: передовая практика и перспективы/ Под ред. М. Стоуна; Вена; Представитель ОБСЕ по вопросам свободы СМИ, 2013г. - 144стр. 63 б.
2. Журналистика соучастия. 10. 05. 2014.
<http://mediakritika.by/article/2189/zhurnalistika-souchastiya>
3. Еркімбаев А. Жаңа медиа: Монологтан диалогқа. 6 б.
4. <http://russian.rt.com/article/15571#ixzz3ElduUOrA>
5. Машкова, С.Г. Интернет-журналистика: учебное пособие – Тамбов: Изд-во тамб. гос. техн. ун-та, 2006. – 80 с.1,12
6. Internet Gains on Television as Public's Main News Source <http://people-press.org/report/689>

А. Сәдуақасов,
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика
және қоғаммен байланыс


Ұйымның имиджін қалыптастырудағы PR технологиялардың ерекшелігі

Бастапқыда, 1990 жылдың ортасында компаниялардың өз топтарымен қоғам алдында қабылдану ықтималдылығы көзге ілінбес шапшаңдықпен тез өсті. Ресей ұйымдарында қоғаммен байланыс бөлімшелері белсенді құрыла бастады, көпшілігінің мақсаты – ұйымдардың имиджін қалыптастыру.

Белгілі болғаны, бүгінгі нарықтағы күрес компаниялар арасында, болмаса тауарлары арқылы жүргізілмейді, олардың имидждары арасында жүргізіледі. Имидж – бұл ұйым бет-бейнесі, сондай-ақ қоғамдағы әр түрлі топтар алдына берілетін тауар мен қызмет бет-бейнесі. Осылайша, ұжымдық имидж артында ұйым жайын «таныстытыру» жағдайы түсіндіріледі. Бұл түсінік тұтынушылар, іскер серіктестер, бәсекелестерде қалыптасады және қалыптасқан бұл түсінік ұйымның нарықтағы орнын, сыртқы ортамен өзара қарым-қатынасын анықтайды.

Мамандардың бекітуі бойынша, имидждің негізгі қызметі, яки функциясы белгілі бір жанды-жансыз нәрсеге салмақты қарым-қатынастың қалыптасуы болып табылады. Жағымды имидж ұйымның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін көтереді. Егер салмақты қарым-қатынас қалыптасқан болса, онда артынан серіктес сенімі міндетті түрде жалғасын табады, сондай-ақ өз кезегімен жоғары баға мен сенімді таңдау да (6.1 - сурет) бірге жүреді.

Имидждің қоғамға әсер ету схемасы



«Ұжымдық имидж» түсінігіне «компания бренді» ұғымы мағыналас. Оларды ұқсастыратын, байланыстыратын нәрсе: екеуі де қоршаған адамдар түсінігінде қалыптасатын айтылмыш компанияның сауда белгісі мен қызмет сапасы, жетекшілігі мен қызметкерлері жайындағы ойлар негізіндегі эмоционалды әсерге бойлайды.

Көпшілік ғалымдар имиджді тағы бір оған мағыналас ұғым – «беделге» де бөліп қарастырады. Адамдағы немесе ұйымдағы жағымды да мақұлданатын бет-бейнетеріс әсер де беруі мүмкін. Ұйымның ұжымдық имиджі оның қоғамға қабылдануымен байланысты: не болмаса, өзіндік, яки сенімге лайық ұйым ретінде қабылданады, не болмаса, мүлдем қабылданбайды. Бедел ұғымы аясынан шынайы істер негізіне жататын құрамдас мәліметтер көреміз. Ол бағаның христиандық қағидасына негізделген: «ісіне қарап таны», яғни шынайылық жөніндегі ұсынылмас деректер құрамы - компанияның шынайы бет-бейнесі (бұл ретте мынадай түсінік те қатар жүреді: шынайы істер айтылмыш компания жөніндегі кез-келген таныстыруларға түзету енгізу күшіне ие). Басқаша айтқанда, имиджге компанияның өзін қалай таныстыруы мен сезінуі кірсе, бедел түсінігіне компанияны тұтынушы, яки клиент көзқарасы жатады.1. (1. Паблик рилейшнз. Бизнес шеңберіндегі қоғаммен байланыс. М.: «Тандем» авторлар мен баспагерлер ассоциациясы; ЭКМОС, 1999. 71-бет.) Айтылмыш көзқарас авторлары қоғамдық мәнді бәстер негізіне бағытталған сындарлы (конструктивный) имидж бен болашақтық тапсырмалар емес, минут арасында шешілетін тапсырмаларға бағытталған конформистік имидж түсініктерін де бөліп қарастыруды ұсынады.

Ұйымның іскерлік беделінің маңызын белгілей келе, әсіресе кәсіби серіктестікте, имиджді анықтау мәселесіне қайтып ораламыз. Қолдарыңыздағы оқу құралында біз ұжымдық имидж астарында ұйымның төзімді және қайшылықсыз бет-бейнесін көретін боламыз. Бұл бет-бейне – аталмыш компанияның тәртібі әсеріне, оның ішкі, сыртқы

безендірілуіне, барлық шығыс ақпараттарға байланысты қоғамның әр түрлі топтарында қалыптасатын түсінік негізіндегі бет-бейне.

Ұйым имиджінің құралымы, оның мейірімді беделінің қалыптасуы, қалыпты қарым-қатынас жетістігі мен оған деген сенім – ұйымдағы PR қызметінің басты мақсаттары. Тиімді имидж құрауда нақты қандай имидж қажет екенін айқын елестете білу керек.

Ұйым мүдделі болған бет-бейне, яғни образ ойдағыдай болуы үшін, ол арнайы жобаланады, мақсатты құралады және мақсатты аудитория санасына енеді. Егер компания жағымды имидж қалыптастырудағы бағытталған шарттарға сүйенбесе, оның образы, сондай-ақ оның тауарлары мен қызметінің де образы «мылқау» пайда болады. Әлбетте, шынайы, «мылқау» білімді имидж ұйым өзіне құрғысы келген образға сай келе бермейді.

Имидж өте айбық, яки қырсық, себебі адамдардың субъективті қабылдауының нәтижесі болып табылады. Саясатта мынадай оқиғалар бар: сайлауға дейінгі бір түнде сәтсіз теледебаттар әсерінен кандидат жайындағы пікір өзгеріп жатады. Жаңа мәліметтер, жаңа әсерлер және эмоциялар имиджді мәңгілік өзгертіп жіберуі мүмкін. Компанияға қатысты бұл факторлар, мысалыға, компания қызметкерлері немесе өнімі жайында жағымсыз фактілер қалыптастыруы мүмкін.

Ғалымдар бірнеше имидж ерекшеліктерін белгілеп берді 1. (1. Ульяновский А.В. Ұжымдық имидж: бизнестің жоғары өсуі үшін құралымның технологиялары, М.: ЭКСМО, 2008. 97-бет.):

1. Имидж мақсатқа бағытталған және мақсатқа сәйкестігі өлшемінде бағаланады. Имиджді қабылдау арқылы біз сезімдерімізге тек мақсатты эстетикалық ләззат сыйлауы ғана емес, белгілі бір объектке ерекше қатынастың құралуына жағдай жасайтыны да әсер ететінін түсінеміз. Имидж аудиторияның қажеттіліктеріне барынша сәйкес келуі керек. Егер ол ашкөздікті оған ұсынылған визуалды образдар мен коммуникацияда тани алмаса, ол сол образдарды көркем дәрежеге жатқызуға бейімді. Осылайша, қоғам етене қабылдамайтын және әсерін өздерінде сезінбейтін болады. Имидж бен образ арасындағы жік өте жіңішке.
2. Қалыптасқан имидж аудитория сеніммен қабылдайтын анықталған бәстерді көрсетеді. Бәсекелес имиджін құртудың ең жақсы тәсілі – ол негізделген шамаларға деген аудитория сенімін жою. Оған расымен мүлдем жатаң бәстер әсерін енгізу. Егер сатып алушы қалаған нәрсе болса, онда ұйым оған қалағанының еліктіргіш (пішінді) образын ұсынады. Тұтынушыға бұл ұнайды. Ол өзінің қажеттілігі образының әрі компания имиджінің «билігінде» болады.
3. Имидж түбірінде тиянақталған көркем образға ие болуы керек/1/.

Осылайша, жағымды имидждің қалыптасуы шешімін шығаруда маркетинг, жарнама, PR салаларының мамандары, психологтар, филологтар, тіпті режиссерлер де атсалысатын маңызды есеп болып табылады.

Жағымды имидж рұқсат етеді:

- ұйымға:
 1. нарықтағы жағдайды жаулап алуға және әлсізірек имиджі бар бәсекелесіне қатысты, өз айқындамасын күшейтуге;
 2. имиджді өзіндік сапа кепілдігі ретінде пайдалануға, өз тауары мен қызметіне деген тұтынушы сенімін күшейтуге және еліктіре білу қасиетін көтеруге;
 3. қалыпты қоғамдық пікір қалыптастыру. Тек өндіріс пен өткізуге ғана емес, материалдық емес құндылықтарға да (good will) қаржы жұмсайтын ұйым – дәстүрлі түрде құрмет сезімін тудырады.

4. шығындарды азайтып, тауар мен қызметті ілгерілету қызметін жасау. Жаңа, бірақ атақты имиджбен «қорғалған» тауар мен қызмет нарыққа аз шығынмен шығады; атағы шыққан тауардың жарнамасына аз мөлшердегі ақы-пұлдар жұмсалады; имидждің қалыптасқан ұстанымы (концепция) әр түрлі аумақтағы әр түрлі мамандарға қосылғанда біртұтас стильді ұстануға жағдай жасайды;
5. сұраныстың төмендеп кетуінен қорықпастан, бағаларды ашық айту. Имидждің жағымдылығы тауардың тұтынушыға арналған «қалауын» шарттайды және қосымша құндылық қалыптастырады.
6. ортақ іске жұмылған персоналдың тартымдылығына қол жеткізуге, әр қызметкердің кәсіби қайтарымдылығын көтеруге;
 - тұтынушыға:
 1. бірдей тауарлардың берекелі қызметтері мен жарнамалық хабарландырулары сәйкес болған жағдайда, имиджді тауар таңдаудағы критерий және таңдаудың дұрыстығын растайтын фактор ретінде қабылдауға;
 2. имиджге тұрақтылықтың кепілі ретінде («менің шаштаразым», «менің әтірім», «менің темекім»...) және белгілі-бір әлеуметтік топқа тиесілі нышан ретінде қарау. Тұтынушы өзін теңдестіргісі келетін, сол әлеуметтік топта мәртебелі марканың тауарын алу – оның өзін-өзі бағалауына жоғары деңгейде әсер етеді.
 - ұйым қызметкеріне:
 2. мақтанш сезімін сезіну, өзін-өзі құрметтеу және жұмысқа қанағаттану;
 2. өзіндік қажеттілікті (маңызы бар екенін) сезіну және ортақ іске ортақтасу.

Жалпы, қоғам ұйымдардың жеке әрі қолайлы имиджге жағдай жасауға ынталы, себебі:

- имидж кәсіпкерліктің өркениеттілік деңгейін көтеретін ұйымдастырушылық бастамаға қызмет етеді;
- имиджбен жұмыс компаниядағы және одан тысқары (ішкі және сыртқы құрылыс, барлық шығыс ақпарат) визуалды ортаның жақсаруына жағдай жасайды;
- ұйымның әр түрлі мақсаттағы аудиториялар алдында жақсы көрінуін қалауы – оның қызметіндегі шынайы, оң жылжуларға алып келеді.

Имидж әр түрлі мақсаттағы аудиторияларға әр түрлі болуы мүмкін; олардың сұраныстары, орнатуларына және мінез-құлық таптауына (стереотип) жауап беруі тиіс болғандықтан. Мәселен, кең қоғамға ұйымның азаматтық бағыты артығырақ, серіктестер үшін - міндеттілік пен бәсекеге қабілеттілік, тұтынушылар үшін – сенімділік және тауар мен қызметтің жоғары сапасы т.б.

Сондықтан, жағымды имидждің дұрыс құрылуы үшін әр түрлі мақсаттағы аудиторияларды белгілеп алу қажет: оларды сауатты зерттеп және нәтижелері бойынша әр қоғамдық топқа имидж қалыптастыруда жұмыс жүргізу. Нақтылық қажет: нақты қай имидж өңделеді. Себебі, бұл қасиет PR-қызметтің, стратегияның, оның құрылуындағы жұмыс мазмұнының мінез-құлқы мен бағытталуын анықтайды.

Ұжымдық имидждің типологиясы

Имидж мына белгілер бойынша өзгешеленеді:

- 1) әсер ету бағыттарына қарай (сыртқы және ішкі);

- 2) ұтымдылық дәрежесіне қарай (когнитивті, эмоционалды);
- 3) жобалануы мен мақсаттылық дәрежесіне қарай (ағымды, керекті);
- 4) объекті бойынша (ұжымдық, компанияның бірінші жақ имиджі, тауарлық дәреже имиджі, бренд, тұтынушы, тауар имиджі);
- 5) аудиторияларды қамтуына қарай (моноимидж, мультиимидж);
- 6) мәндер сәйкестігі бойынша (адекватты және адекватты емес)/2/.

Аталмыш типологияны толығырақ қарастырсақ:

1. Әсер ету бағыттарына қарай ұжымдық имидж мынандай болады:

Сыртқы, яғни негізінде сыртқы ортада ғана әсер ететін, тұтынушылар немесе клиенттерге қарай бағдарланған (фирмалық стиль, логотип, слоган, кеңсе интерьерлері, қызметкерлердің сыртқы келбеті т.б.)

Ішкі, жұмыс жайлы әсерлер мен қызметкерлер қатынасын құрайды (мәдениет және мінез-құлық әдебі, іскерлік қарым-қатынастың ерекшеліктері, дәстүрлер және т.б.)

Имидждің аталмыш түрлері арасында тығыз функционалдық байланыс болуы керектігі анық. Байқау керек, отандық тәжірибеде сәйкес келмеушіліктер көп кездеседі: сыртқы имидж стандарттарға сәйкес болғанда, ішкі оған толық қарама-қайшы болып келеді.

2. Ұтымдылық дәрежесін қабылдауына қарай имиджді екіге бөледі:1.
(А.В.Ульяновский Ұжымдық имидж: бизнестің жоғары өсуі үшін құралымның технологиялары. М: ЭКСМО, 2008. 101-бет.).
когнитивті, «құрғақ» арнайы ақпарат беретін (негізінен білімі тар мамандықтардың адамдарына бағытталған);
эмоционалды, сезімтал (мұндай имидж кең аудиторияға бағытталған және күшті эмоционалды сезім шақыруға бағдарланған).
3. Жобалану дәрежесіне қарай имидж ағымды және керекті бола алады.

Бұл бөлініс ұжымдық имидждің құрылу стратегиясын жасауға мүмкіндік береді. Ағымдағы имидждің анықтамасы керекті имидждің стратегиясын анықтауға мүмкіндік береді. А.В.Ульяновский ағымдағы имидждің келесі сипаттамаларын белгілейді:

- 1) мақсаттар тұжырымдамасы немесе компания мен нарық арасында сенім орнатудағы имидждің даму бағыты;
- 2) нарықтың даму тенденциясының сипаты, сатып алушы мінез-құлқындағы ерекшеліктер. Қоғам мен аудиторияның компания қызметі саласындағы қарым-қатынасын айқындау. Нарықтың SWOT-сараптамасын жүргізу;
- 3) бәсекелестерінің имиджімен салыстыра отырып, компания имиджін сипаттау;
- 4) аудитория мінездемесі – қызығушылығы, пікірі, қарқынды қызметі және іс-әрекеті;
- 5) орын анықтау артықшылықтарының талдануы;

Дәл осылай ағымдағы имиджді сипаттау арқылы, біз, керекті имидж образын құрастыра аламыз (2-5 іс-әрекеттерін ұжымдық мақсаттар көзқарасы негізінде қарау арқылы).

4. Объектілер бойынша белгіленеді: ұжымдық имидж, компанияның бірінші жақ имиджі, тауарлық дәреже имиджі, бренд имиджі, тұтынушы имиджі және тауар имиджі.

Ұжымдық имидж – бұл жалпы компанияның имиджі. Бұл компания мен оның қоғамының барлық мақсатты аудиторияларының бағалары мен сезімдерінің сомасы болып табылады.

Сілтемелері:

1. Аспен гуманитарлық зерттеулер институты

http://www.aspeninst.org/c&s/index_nx.html

2. Журналистика және бұрақалық коммуникация саласында білім беруді қолдау ассоциациясы

<http://www.aejmc.org/>

С.М. Керімова

әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

2 курс PhD докторанты

(ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., проф. Г. Смағұлова)

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: sunny-dos@mail.ru

Түбі бір түркі елдеріне ортақ мұралардың мәдениаралық қатысымы

Бірнеше ілімнің тоғысында қалыптасқан пәнаралық және интеграцияланған мәдениаралық қатынастың негіздері американдық мәдени антропология мен коммуникативистика мектебінде іргесі қаланған, сонымен қатар еуропалық және ресейлік прагмалингвистика, әлеуметтік психология мен этнология синтезінің нәтижесінде пайда болған. Мәдениаралық қатынастың теориясы сөйлеу әрекет теориясына қатысты іргелі еңбектерге сүйенеді (Выготский 1982; Жинкин 1998; Леонтьев 1969; Лурия 1998; Пиаже 1983). Мәдениаралық қатынас теориясының қалыптасып, ары қарай дамуына М. Беннет, В.С. Библер, В.П. Кузовлев, С.Г. Тер-Минасова, М. Хупс және т.б. ғалымдардың еңбектері негіздемесін құрады.

XX ғасырдың соңғы жылдары тіл білімінде "тілді жүйе ретінде" қарастыратын құрылымдық саладан тілді функционалды, прагматикалық, коммуникативтік, яғни "тіл қарым-қатынас құралы" ретінде сипаттау белең алды [1]. Мұндай өзгеріс тілді мәдениаралық қатысым құралы ретінде зерттеуге әкелді. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бүгінгі заман талабына және еліміздің ұстанған экономикалық-саяси ұстанымдарына, әлемдік жаһандану үдерісіне сай түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынастың барлық салаларында араласуы жүзеге асып жатыр. Бұл көпұлтты еліміз үшін бұрыннан бар құбылыс. Түрлі мәдениеттің араласуы мен өзге елдің мәдениетімен сабақтасу, қарым-қатынасқа түсу жаңа қиындықтар мен жаңа міндеттер туғызды. Бұл әсіресе мәдениаралық ғылыми қарым-қатынаста айқын сезіледі. Әрбір ұлттың тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан салт-дәстүрлері, мәдени ерекшеліктері, әдеби және тағы да басқа толып жатқан ерекшеліктері алдымен оның тілінен көрініс табады. Тіл бүкілдей бір ұлттың болмысын танытатын аса қуатты құрал. Тіл арқылы екінші бір ұлтты танып, оның салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына үңілеміз. Тіл ұлттар арасындағы мәдениеттің өркендеп өнуіне, елдер арасында мәдениеттің дамуына үлесін қосатыны даусыз. Тіл – мәдениеттің айнасы, онда адамды қоршаған шынайы өмір ғана емес, сондай-ақ халықтың қоғамдық сана-сезімі, оның діні мен ділі, ұлттық сипаты, өмір сүру салты, әдет-ғұрпы, құндылықтары, өмірлік көзқарастары көрініс табады. Тіл – асыл қазына, мәдениеттің ұйытқысы. Ол мәдени құндылықтарын лексика, грамматика, идиоматика, мақал-мәтелдер, фольклор, көркем және ғылыми әдебиет, жазбаша және ауызша сөйлеу тілі, аударма арқылы сақтайды [2]. Осы тұрғыдан алып қарағанда аударма ұлт тілінің лингвистикалық

ерекшеліктерін анық байқататын тұс. Аударма – халықтың рухани қызметінің, мәдени өмірінің бір саласы, халықтардың арасында үзілмейтін үрдістердің бірі. Оның тұтастай алғанда әлем әдебиетіндегі, жекелеген халықтардың мәдениетіндегі рөлі айрықша маңызды. Аударма жер бетіндегі күллі ұлттармен ұлыстардың келісім-татулығын, бейбіт қарым-қатынастарын қалыптастыруға сүйеу бола алатын басты тіректердің бірі деп айтуға болады.

Бүтіндей бір ұлттың, сондай-ақ түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы болып саналатын "Оғыз-нама", "Құтты білік", "Диуани хикмет" секілді асыл мұралар аударма арқылы түрлі тілдерге аударылып, ұлттар арасындағы мәдениаралық қатысымды дамытуда. Халық пен халықтың, ұлт пен ұлттың арасын тек саясат пен экономика саласы ғана емес, мәдениет саласы да тығыз байланыстырады. Ұлттар арасында тығыз қарым - қатынас орнату үшін алдымен оның мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына терең үңілген жөн. Ал оның айқын бейнесі әдебиеті, ғасырдан ғасырға жеткен асыл мұралары, салт-дәстүрлері арқылы көрініс табады. Бұл құндылықтар екінші бір тілге аударма арқылы жетеді. Сондықтан мәдениаралық қатысымда аударманың алар орны ерекше. Аударма - бұл тілдік байланыстырушылардың бір түрі, ол бүтіндей өзге тілдік түпнұсқаға бағдарланған. Аударма түпнұсқада қамтылған хабарламаның өзге тілдегі формасы ретінде қарастырылады. Аударма арқылы жүзеге асырылатын тіларалық қарым-қатынас тікелей бір тілде сөйлеу үдерісі арқылы жүргізіледі делінген [3]. Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» жинағы көптеген ғасырлар бойы халқымыздың рухани әлемінде шешуші мәнге ие болып келді. Бұл туынды түркілердің дүниетанымында түбегейлі өзгерістерге ие болып, оның ислам аясында қайта қалыптасуына негіз болған. Әсіресе, қазақ халқының ұлттық менталитетінің қалыптасуына тигізген бұл еңбектің әсері орасан зор. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Нақ осы Иасауи ілімі арқылы ислам діні қазақтардың рухани салтына айналды да, кейінгі сегіз ғасырдың өн бойында соларды жебеп келді. Қазақ хандығы мен қазақ халқы құрылғанда, солардың бастау бұлағында осы ілім тұрды. Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Иасауидің хикметтері оның бір бөлігі болып еруге тиіс» –деген пікірі жай айтылмаған [4]. Қожа Ахмет Иасауидің асыл мұрасы – «Диуани хикмет» шығармасы халқымыздың мақтанышы болып саналады. Сондықтан асыл мұраларымызды әлемдік дәрежеде көрсету үшін, хикметтердің мазмұны мен мәнін баяндау үшін, мәдениет аралық байланысты дамыту барысында аударма саласы қажет болып саналады. Яғни, Қожа Ахмет Иасауидің өмір жолы, шығармашылығымен қоса, хикметтердің аударылу мәселесі де қазіргі таңда аса маңызды болуы тиіс. Себебі, хикметтеріміздің құндылығын биік дәрежеде көрсету үшін оның аударылу деңгейі де соғұрлым биік болғаны жөн. Елімізде Иасауи хикметтерінің қазақ тіліндегі аудармалары жөнінде зерттеулер мен пікірлер көптеп айтылуда. Ал орыс тіліндегі аудармаларының зерттелуі мен оның аударылу деңгейі жөнінде әлі де түбегейлі сөз қозғала қойған жоқ. Сондықтан да хикметтердің орыс тіліндегі аудармаларын жинақтап, ондағы ерекшеліктерді саралауды жөн көрдік.

Алғаш орыс тіліндегі дерек көздері 1901 ж. Ташкентте Сырдария облысының статистика материалдар жинағында шыққан, сол жинақта Н.Лыкошиннің Иасауи туралы біраз мәліметтері мен «Диуани хикметтің» біраз аудармалары «Премудрость Хазрата султана Ари–финь. Ходжа Ахмет Яссауи» деген атпен басылған. Онда алты хикметтің аудармасы мен ескертулер көрсетілген. Мысалы, хикметтердің көне түркі тіліндегі **“Үмнат болсаң ғарибларға табиғ болғыл”** жолдарын Н.Лыкошин: **“Если хочешь быть последователем Пророка–будь близок к бедным”** - деп аударыпты. **“Үмнат”** араб тілінен енген сөз "Мұхаммед пайғамбардың жолын қуушылар, ұлт, халық" деген мағына береді. Аталмыш сөзді **“последователи”** деп жақсы тәржімалаған. Алайда **“ғарип”** сөзін **“бедный”** деп аудару қате болып табылады [5]. Бұл қателіктер тек бір хикмет жолдарын табылып отырғандары. Осындай қателіктер хикметтердің өн бойынан көптеп табылады. Аудармашы хикметтердегі айтылған ой, рухты түсіне алмаған, өз деңгейінде түсініп

тәржімалаған. Сондықтан орыс тіліндегі аударма сәтсіз болып шыққан деген түйін жасауға болады.

«Әлем әдебиеті кітапханасының» 55–томында А.Адалистің біраз аудармалары берілген. Орта ғасырлық мұраларды зерттеуде қазақстандық белгілі шығыстанушы В.Юдин 34–хикметті жолма-жол аударумен қоса, өзін қызықтырған басқа да хикметтерді жеке-жеке аударып ұсынған. 1984 жылы Алматыда Брагиннің «Туркестанская повесть. Третье рождение» деген кітабы жарық көрді. Аталмыш еңбекте В.Юдиннің орыс тіліндегі аудармаларын бере отырып, өзі 34–хикметтің көркем аудармасын жасап шыққан. Мысалы: В.П.Юдиннің мына аудармаларына назар салсақ:

Тот кто был ученым **мужем**, знатоком,
Стал насильником, льстецом иль **дураком**,
Для дервиша правдалюбец стал врагом,
Посмотрите: это гибнет свет, о люди!

Разве долго до **скончанья света**? Нет!... - деп аударған [6]. Кейбір сөздердің мағынасын беруде шатасқаны байқалады. “Муж”, “дурак”, “скончанья света” деген сөздердің қолданысы оғаштау көрінеді. Бәлкім бұл қателіктер сол кезеңдегі дерек көздерінің тапшылығының әсерінен болған шығар. Аударма қысқа негізде орындалған, трансформациялау кезінде сөздердің мағынасы дұрыс берілмеген.

Иасауитану саласына өзіндік үлес қосқан орыс тілді отандық авторлардың ішінде А.И.Пылевтің еңбегін ерекше атап өту қажет. 1997 жылы Алматыда А.И.Пылевтің “Ходжа Ахмад Ясави: суфийский поэт, его эпоха и творчество” атты еңбегі жарыққа шығады. Мұнда Қожа Ахмет Иасауидің өмірі мен шығармашылық кезеңдері, сопылық жолдары және тағы да басқа мәселелер айтылған. Соңынан Иасауидің кейбір хикметтерінің түркі тіліндегі транскрипциясы және орысша аудармасы, түсініктемесі қоса берілген. Ол «Диуани хикметті» толыққанды сопылық поэзия туындысы деп санайды. Зерттеу жұмысының елеулі бір жетістігі кітапқа қосымша ретінде Қожа Ахмет Иасауидің 5 хикметінің транскрипциясымен, орыс тіліндегі аудармасы түсінігімен енгізілген. Аударманың басында хикметтердің транскрипциясы И.Хаккулованың басылымының негізінде және К.Ерасланның деректері мен Қазан нұсқасының дереккөздері бойынша жасалғандығы жазылған. Мысалы,

Ая, достлар, баян айлай Хақ Расулдың,
Уммат болсаң, ешитиб, дуруд айтың, достлар.

О, друзья, возвещу я вам о посланнике Истины;
Если вы—община, то, прослушав это, приветствуйте, друзья.

Осы хикметтердегі “уммат” сөзін “община”- деп аударған [7]. Ал хикметтерде Мұхаммед пайғамбардың жолын қуушылар, үмбеттерге қатысты айтылып отыр. Ал орыс тіліндегі аудармасында “община” деп жалпылай атай салған.

Ендігі хикметтердің орыс тіліне аударылуындағы үлкен қажырлы еңбектің бірі профессор Н.Ж.Сағандықованың қаламынан туындаған дүние. Бұл аудармалар 1904ж. Қазан басылымы негізі бойынша аударылған. Орыс тіліндегі аудармасын филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Ж.Сағандықова тәржімалаған еді. Бұл аударма қазіргі таңда «Диуани хикмет» туындысының ең көлемді тәржімасы болып табылады. "Осуществляя впервые в таком объеме, научный перевод 149 хикметов великого Ходжа Ахмеда Ясауи на русский язык мы стремились донести до иноязычного читателя смысловое содержание одного из произведений мировой сокровищницы тюркоязычного средневековья. Произведения такого уровня являются общечеловеческим достоянием, поэтому, чем больше будет переведено на языки разных народов бесценное создание, тем богаче будет мировая культура, тем лучше и духовно совершеннее будет род человеческий" [8.166] – дейді Н.Ж.Сағандықова. Расында да әр халық өзінің құнды, асыл мұраларын көптеп аударатын болса, онда әлемдік мәдениеттің жоғарылайтыны сөзсіз.

<p>"Бисмиллаһ" деб баян айлай хикмет айтыб, Талибларға дур уа гауһар сачтим мана. Риядатни қатиг тартыб қанлар ютиб, Мен "Дафтар сани" сөзин ачтим мана.</p>	<p>«Бісмиллә» деп баяндайын хикмет айтып, Шәкірттерге дур мен гаухар шаштым міне. Жанды жаралап, қайғы шегіп, қандар жұтып, Мен «Дафтар сани» сөзін аштым міне</p>	<p>Произнеся "Бисмилляхи...", я начну сказывать хикмет, Рассыпая ученикам драгоценности и бриллианты (слов), Напрягая душу, испытывая горе, захлебываясь кровью, Открываю я страницы сакзаний "Дафтар–и сани"</p>
--	--	---

Шығарманың стилін, шығыстық бояуларды сақтауға тырысқан. «Диуани хикмет» секілді күрделі шығарманы аудару үшін араб–парсы тілінің білгір маманы болу қажет. Бұл жөнінде Н.Ж.Сағандықованың пікірі мынандай: «Трансформация произведения, пришедшего из глубины веков, требует огромного внимания и осторожности обращения с текстовым материалом. В связи с этим была предпринята попытка безболезненной, для оригинала, передачи средневековых суфийских слов, терминов и понятий на язык современности»[8.196]–дейді.

Шығарма бойынша текстологиялық жұмыстар жүргізу – ғылыми-зерттеу істерінің басты бір саласы. Әр алуан басылымдар мен қилы-қилы қолжазбалардың басын құрап, оларды өзара салыстыра отырып, бәріне ортақ, сындарлы жалпы мәтін жасау – Иасауи шығармаларын оқып үйренудің түп қазығы болып табылады. Осы кезге дейін белгілі басылымдар негізгі бір қолжазба нұсқа бойынша дайындалса, азды-көпті пікір айтушылар әрбір жеке басылымдар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Мұндай әдіс Иасауитану ісіне негіз болып, өзінше үлес қосқанмен, оның түбегейлі мәселелерін шешу ісінде тиісті дәрежеден көріне алмай жүр. Иасауи хикметтері өз дәуірінде түркі тілінде дүниеге келген. Алайда бұл тілдің құрамында араб, парсы тілдерінің элементтері көптеп кездеседі. Сондықтан оны бүгінгі оқырманның түсініп, оқуы екі талай. Осыны ескерген аудармашылар хикметтердің жолма-жол аудармасын, көркем аудармасын жасаған. Тәржімалау кезінде еркін аударманың түпнұсқадан алшақ кететінін ескерсек, онда жолма-жол аударма ғана ғылыми ортаға негізделетіні анық.

Әдеби синтез туындаған шығармада көркемдік құралдар көптеп кездеседі. Хикметтерді аударарда бірыңғай стильді ұстап отыру мүмкін емес. Себебі, түркі тілінде жазылған шығарма, сопылық дүниетанымның жемісі болып келеді. Аудармашыларға алдымен араб, түркі, парсы тілдерінің білікті маманы болған жөн. Себебі сопылық шығарма болып табылатын хикметтерде діни, сопылық термин сөздер көптеп кездеседі. Бүкіл түркі әлемінің асыл мұрасы болып табылатын «Диуани хикметті» болмыс-бітімін сақтай отырып аудару үшін аудармашыға алдымен қажетті сөздіктер түрін қалыптастырған жөн.

1. Хикметтердің түсіндірме және жиілік сөздігін жасау. Сөздікте сопылық терминдер ғана емес, хикметтердегі барлық сөздер қолданылуы қажет. Себебі, көптеген сопылық мағынада айтылған сөздер қазір кезде қарапайымдалып кеткен. Аудармада осындай қателіктер туындамас үшін сөздіктің маңызы аса зор болып келеді.

2. Екінші кезекте сол дәуірде дүниеге келген Иасауи мәдениетіне тән бір-бірімен тығыз байланысты сопылық еңбектердің синонимдік сөздігін жасау. Аталмыш сөздік арқылы Иасауи дәуірінде түркі топырағына тән сопылық контексте қолданыста болған сөздердің барлық мағыналық сыңарларын анықтауға мүмкіндік туады.

3. Үшінші фразеологиялық сөздік құрастыру. М.Қашқаридің “Түркі тілінің сөздігінен” бастап, Ж.Баласағұн, А.Иассауи, А.Игүнеки, С.Бақырғани секілді бірегей тұлғалар туындыларындағы фразеологиялық тіркестерді жүйелеу тұрақты тіркестердің иасауиге дейінгі, Иасауи қолданысындағы және Иасауиден кейінгі қалыптарын айқындауға мүмкіндік береді. Осындай дайындықты өткізген аудармашы ғана хикметтерді толыққанды аударып, Иасауи салған зерделі ой мен рухын жеткізе алады. Мұндай сөздіктерді жасау тек Иасауи мұрасын зерттеушілерге ғана емес, сонымен қатар, жалпы әдебиет үшін, тілші, мәдениеттанушы мамандарға да керек. Қазақ мәдениетін танытатын әдеби аударма шығармаларының сапалы деңгейі ұлттар арасындағы мәдениаралық қатысымын сөз жоқ жаңа деңгейге көтереді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Донец П.Н. Теория межкультурной коммуникации: специфика культурных смыслов и языковых форм. - Дисс. ...Харьков, 2003. - (16 бет) 253 с.
2. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. - М.: Слово, 2000. - 13 бет
3. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). - М.: Высш. шк., 1990 г. - 13 бет
4. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі: Монография /А.Әбдірәсілқызы. –Алматы: “КИЕ” лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. –264 бет.
5. Нуртазина Н. “Диуани хикмет” Яссауи как источник по истории духовной культуры средневекового Казахстана: Методическое пособие.–Алматы: Қазақ университеті, 1998. –43с.
6. Брагин А.И. Третье рождение: Туркестанская повесть /А.Брагин; Худ. Н.Иванов.- Алматы: Жазушы, 1984.-207 с.
7. Пылев А.И. Ходжа Ахмад Ясави: суфийский поэт, его эпоха и творчество: (Опыт ист.–культур. Исследования) / А.И.Пылев.–Алматы: Атамұра, 197.–96с.
8. Сагандыкова Н. Хикметы Ясави ждут переводчика: [О переводах творческого наследия Ахмеда Ясауи] / Н.Сагандыкова // Мысль. –2003. –№3. –С. 68–72.

Аршабекова Газиза,
ОСШ № 13
п.Туздыбастау
Талгарского района
Алматинской области

Модернизация казахстанской системы образования

Казахстанская система образования находится на этапе реформирования, основной задачей которого является обеспечение качественной подготовки специалистов в соответствии с международными стандартами. Международный опыт и современная практика показывают, что достижение этих целей возможно путем реализации новых образовательных технологий, основанных на использовании передовых информационных технологий.

Сейчас работники образования часто слышат недовольство родителей учеников: «Современная система образования направлена не на практическое применение знаний в жизни, а на успешную сдачу экзаменов». Утвержденная Президентом РК Н.А.Назарбаевым Государственная программа развития образования Республики

Казахстан на 2011-2020 годы отвечает всем требованиям современного обучения и ориентирована именно на практическое применение знаний.

Целью программы являются повышение конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала путем обеспечения доступности качественного образования для устойчивого роста экономики. Эти цели реализуемы только в том случае, если будет структурированная схема и четкое планирование поставленных задач. По итогам анализа на 2015 год было реализовано 193 пункта. Целевой индикатор с 2015 года во всех организациях образования, кроме малокомплектных школ, внедрен механизм подушевого финансирования. Показатели результатов: 30% педагогов прошли повышение квалификации по новой системе повышения квалификации от общего количества педагогов. Одним из факторов, обеспечивающих эффективность образования, является непрерывность и преемственность в обучении. При этом под непрерывностью определяется наличие последовательной цепи учебных задач на всем протяжении образования, переходящих друг в друга и обеспечивающих постоянное, объективное и субъективное продвижение учащихся вперед на каждом из последовательных временных отрезков.

Также под преемственностью понимается непрерывность различных этапов обучения: детский сад - школа, школа - вуз, вуз - последипломное обучение и т.д., т.е. в конечном счете - единая организация этих этапов и форм в рамках целостной системы образования. Таким образом, можно выделить 9 основных направлений программы: финансирование системы образования; статус педагога; менеджмент образования; электронное обучение «e-learning»; дошкольное воспитание и обучение; среднее образование; техническое и профессиональное образование; высшее и послевузовское образование; воспитательная работа и молодежная политика.

Таким образом, Стратегический план – 2020 позволит сформировать национально ориентированную элиту мирового уровня, обладающая необходимыми духовно-нравственными ценностями и четким видением будущего нашей страны, которая будет работать на благо всего нашего государства и общества в целом.

М.Ибрагимов
Магистрант 1 курса
специальности «юриспруденция»

Налоговая система - основа развития справедливых рыночных отношений в Казахстане

Налоговые проверки являются одной из форм налогового контроля. Согласно Налогового Кодекса РК, налоговая проверка — это проверка, осуществляемая органами налоговой службы, исполнения налогового законодательства Республики Казахстан. Участниками налоговых проверок являются должностные лица органов налоговой службы, указанные в предписании, иные лица, привлекаемые к проведению проверки, которые должны быть указаны в предписании и налогоплательщик.

Налоговый контроль — это проверка или наблюдение с целью проверки. В процессе сбора информации субъект налогового контроля должен получить сведения о состоянии дел на проверяемом объекте, проанализировать информацию и сделать соответствующие выводы. Качественно выполнять такую работу можно, когда четко определена сущность налоговых проверок, их виды, особенности проведения и документирования. Без правовых, четко определенных, основ ведения налоговых проверок невозможно вести речь о развитии справедливых рыночных отношений в государстве, что так важно для Казахстана. [30]

Виды налоговых проверок представлены на рисунке 1.



Рисунок 1. Налоговые проверки

Примечание. Составлено автором по данным источника

Налоговый контроль характеризуется следующими признаками.

Во-первых, налоговый контроль является разновидностью государственного контроля. То есть он осуществляется уполномоченным на то государственным органом, реализующим контрольную функцию государства. При этом данный орган наделен этим государством определенными односторонне-властными полномочиями, дающими возможность реализовать указанную функцию.

Во-вторых, налоговый контроль выступает видом финансового контроля. В процессе осуществления налогового контроля обеспечивается реализация такого направления финансовой деятельности государства, как сбор доходов, идущих на формирование денежных фондов, входящих в состав финансовой системы государства. [1]

В-третьих, налоговый контроль относится к специализированным видам государственного контроля. Это выражается в первую очередь в том, что налоговый контроль осуществляют только те органы, которые специально уполномочены на это.

Специализированность налогового контроля, в-четвертых, определяет его функциональность. Это выражается в том, что сами органы налогового контроля не вправе выходить за его рамки. Данное положение зафиксировано в указе о налогах в виде права налогоплательщика "не предоставлять информацию и документы не относящиеся к налогообложению". Функциональность налогового контроля выражается также в том, что его объектом выступают люди, независимо от их формы собственности, организационно-правовой формы и вида деятельности.

Налоговый контроль начинается с построения и поддержания функционирующей налоговой системы, которая является неременной предпосылкой контроля.

Налоговый контроль осуществляется в следующих формах:

- 1) регистрационного учета налогоплательщиков;
- 2) учета объектов налогообложения и объектов, связанных с налогообложением;
- 3) учета поступлений в бюджет;
- 4) учета плательщиков налога на добавленную стоимость;
- 5) налоговых проверок;
- 6) камерального контроля;
- 7) мониторинга финансово-хозяйственной деятельности налогоплательщиков;
- 8) правил применения контрольно-кассовых машин с фискальной памятью;
- 9) маркировки отдельных видов подакцизных товаров и установления акцизных постов;

10) проверки соблюдения порядка учета, оценки и реализации имущества, обращенного в собственность государства;

11) контроля над уполномоченными органами.

Началом проведения налоговой проверки считается момент вручения налогоплательщику (налоговому агенту) предписания. Должностные лица органа налоговой службы, проводящие налоговую проверку, обязаны предъявить налогоплательщику (налоговому агенту) служебное удостоверение. Должностным лицом органа налоговой службы, проводящим налоговую проверку, за исключением рейдовых проверок, налогоплательщику вручается подлинник предписания. В копии предписания ставится отметка налогоплательщика (налогового агента) об ознакомлении и получении предписания. При проведении рейдовых проверок налогоплательщику предъявляется подлинник предписания для ознакомления и вручается его копия. В подлиннике ставится отметка об его ознакомлении с предписанием и получении копии. Отказ налогоплательщика (налогового агента) от получения предписания не является основанием для отмены налоговой проверки. В период осуществления налоговых проверок не допускается внесение налогоплательщиком изменений и дополнений в налоговую отчетность проверяемого налогового периода.

Налогоплательщик обязан допустить должностных лиц органа налоговой службы, проводящих налоговую проверку, на территорию или в помещения (кроме жилых помещений), используемые для извлечения доходов, либо на объекты налогообложения и объекты, связанные с налогообложением, для обследования.

При воспрепятствовании доступа должностных лиц органа налоговой службы, проводящих налоговую проверку, на указанные территории или в помещения (кроме жилых помещений) составляется протокол.

Протокол подписывается должностными лицами органа налоговой службы, проводящими налоговую проверку, и налогоплательщиком (налоговым агентом). При отказе от подписания указанного протокола налогоплательщик (налоговый агент) обязан дать письменные объяснения о причине отказа.

Должностные лица органа налоговой службы должны иметь при себе специальные допуски, если для допуска на территорию или в помещение налогоплательщика в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан они необходимы. Налогоплательщик имеет право не допускать на территорию или в помещение для проведения налоговой проверки должностных лиц органа налоговой службы в случаях, если: предписание не вручено либо не оформлено в установленном порядке; сроки проверки, указанные в предписании, не наступили или истекли; данные лица не указаны в предписании; запрашивается документация, не относящаяся к проверяемому налоговому периоду.

За 2014 год органами финансовой полиции возбуждено 26 уголовных дел в сфере незаконного бизнеса, что на 54% больше показателя прошлого года (2). 17 уголовных дел направлено в суд. Осуждено 10 лиц. [3]

За 6 месяцев 2014 года финансовая полиция пресекла деятельность 13 подпольных казино, 129 игровых залов. По данным финансовой полиции, количество преступлений в сфере незаконного игорного бизнеса выросло на 20% по сравнению с прошлым годом.

За 2014 год возбуждено 22 уголовных дела в сфере незаконного игорного бизнеса. 17 дел направлено в суд, семь человек уже осуждены. В результате проведенных рейдов пресечена деятельность 142 подпольных игорных заведений. Из теневого игорного оборота изъято более 39 млн. тенге.

В Налоговый Департамент по Алматинской области 31.08.2014 г. налогоплательщик по результатам налоговых проверок привлечен к административной ответственности.

На основании постановления №008366, 0008364, 0008212 от 02.09.2014 года на ТОО «Контакт» наложен административный штраф в сумме 10 475 178 тенге. [3]

Одной из существенных проблем в налоговом администрировании является рост количества плательщиков, не уплачивающих КПП в связи с убыточностью либо отсутствием результатов финансово-хозяйственной деятельности. Их удельный вес в общем количестве зарегистрированных плательщиков КПП при сдаче деклараций в 2012 году составил 72%, в 2013 году – 74%, в 2014 году – 74,6%.

Остается низким уровень взыскания в бюджет налогов, доначисленных налоговыми органами. За 2014 год в результате документальных налоговых проверок по КПП доначислено 253,7 млрд. тенге, из них в бюджет взыскано лишь 2,9%.

Поступление НДС на произведенные товары, выполненные работы и оказанные услуги на территории Республики Казахстан в 1,8 раза превысило плановый показатель, в республиканский бюджет перечислено 71,4 млрд. тенге. В отчетном году поступления таможенных платежей и налогов, администрируемых таможенными органами, составили 575,4 млрд. тенге (105,5%) и по сравнению с 2013 годом сократились на 38,8%.

За отчетный период поступило 11,7 млрд. тенге административных штрафов, налагаемых центральными государственными органами, их территориальными подразделениями.

Поступления от аренды имущества, находящегося в государственной собственности, составили 3,9 млрд. тенге, или 102,6% к плану. Поступления от продажи основного капитала при плане 5,5 млрд. тенге составили 4,5 млрд. тенге (83,1%), по сравнению с предыдущим годом платежи снизились на 4 млрд. тенге, или на 47,1%.

Поступления трансфертов в доход республиканского бюджета в отчетном году при уточненном плане 1 292,4 млрд. тенге составили 1 209,4 млрд. тенге (93,6%), в том числе целевой трансферт из Национального фонда при плане 347,9 млрд. тенге составил 261,0 млрд. тенге, или 75,2%, что связано с перевыполнением прогноза поступления доходов республиканского бюджета и отсутствием необходимости привлечения дополнительных сумм из Национального фонда.

В 2014 году было проведено 11 069 контрольных мероприятий, в ходе которых контролем охвачено 8 582 объекта контроля, в том числе 772 государственных учреждения, финансируемых из республиканского бюджета, 5 047 государственных учреждений, финансируемых из местных бюджетов и 2 763 хозяйствующих субъекта. [4]

Из общего количества контрольных мероприятий 58% приходится на плановые, 42% составляют внеплановые. Значительная доля внеплановых мероприятий – 42% от их общего количества проведена по постановлениям правоохранительных органов.

В целях обеспечения постоянного контроля за использованием средств, выделенных для реализации мероприятий по стабилизации экономики и финансового сектора Комитетом ежемесячно проводился мониторинг и анализ государственных средств на основании представляемой информации АО «ФНБ Самрук-Казына» и АО «НУХ КазАгро».

Контроль в АО «ФНБ «Самрук-Казына» на соответствие законодательству Республики Казахстан использования средств Национального фонда осуществлен по трем направлениям: на стабилизацию финансового сектора, поддержку малого и среднего бизнеса и решение проблем на рынке недвижимости. Особое внимание Комитета уделялось перемещению акцента с выявления нарушений на их предупреждение и профилактику.

С целью контроля качества налоговых услуг приказом Председателя Налогового комитета Министерства финансов РК от 31 мая 2010 года № 235 утверждены правила контроля качества государственных услуг, оказываемых органами налоговой службы. [5]

Задачами контроля качества налоговых услуг являются:

1. Оценка деятельности налоговых органов по оказанию налоговых услуг;

2. Выявление, предупреждение и устранение причин нарушений, допускаемых при оказании налоговых услуг;
3. Разработка на основании результатов проведенного контроля рекомендаций законодательного и иного характера, направленных на улучшение деятельности налоговых органов по оказанию налоговых услуг.

- 1 Акатаев М. Совершенствование налогового контроля в Казахстане // Бухгалтер и налоги, А, 2010, № 1, с.8-12
- 2 Налоги в Казахстане. Учебное пособие /Под ред.Р.К. Баймурзаева, Г.Н. Жарыгасимова, А., 2002
- 3 Республика Казахстан. [Электронный ресурс]:[Режим доступа: // [www. minplan.kz](http://www.minplan.kz), свободный.
- 4 Новое десятилетие – Новый экономический подъем. <http://www.esep.kz/first2.php?lang=rus&mid=179>
- 5 Абденова. Финансовая политика на современном этапе развития общества //ВЕСТНИК Налоговой службы Республики Казахстан, 2014 г.- с.20-24

Смакова А.,
магистрант 2 курса
факультета журналистики
КазНУ им. аль-Фараби

Новый политический курс - студенческие организации

Молодежь - это одна из самых организованных, социально-активных слоев населения, она объективно является генератором новых идей, жизненной силой и энергией общества. Молодежь не просто будущее страны, это ее настоящее. Владельцами новых идей и жизненной силы часто являются студенты. Термин «студенчество» обозначает собственно студентов как социально-демографическую группу, характеризующуюся определенной численностью, половозрастной структурой, территориальным распределением и т.д.; определенное общественное положение, роль и статус, особую фазу, стадию социализации (студенческие годы), которую проходит значительная часть молодежи и которая характеризуется определенными социально-психологическими особенностями. Студенчество не занимает самостоятельного места в системе производства, студенческий статус является заведомо временным, а общественное положение студенчества и его специфические проблемы определяются характером общественного строя и конкретизируются в зависимости от уровня социально-экономического и культурного развития страны, включая и национальные особенности системы высшего образования [1].

Общность целей в получении высшего образования, единый характер труда – учеба, образ жизни, активное участие в общественных делах вуза способствует выработке у студенчества сплоченности. Это проявляется в многообразии форм коллективистской деятельности студентов. Изучая ценностные ориентации студенчества, нельзя не рассмотреть среду, в которой оно социализируется. Это необходимо не столько для того, чтобы понять, какие именно институты оказывают существенное влияние на ценностные ориентации студенчества, сколько для того, какие идеи, ценности и идеалы прививаются этими институтами молодым людям и прививаются ли вообще, какие ориентиры им предлагают и как это делают. Студенчество представляет собой определённую часть молодёжи, которая имеет как общие со всей молодёжью черты, так и специфические особенности [2].

Стремясь завершить обучение в вузе и таким образом реализовать свою мечту о получении высшего образования, большинство студентов осознают, что вуз является

одним из средств социального продвижения молодежи, а это служит объективной предпосылкой, формирующей психологию социального продвижения. Общность целей в получении высшего образования, единый характер труда – учеба, образ жизни, активное участие в общественных делах вуза способствует выработке у студенчества сплоченности. Это проявляется в многообразии форм коллективистской деятельности студентов [3].

Государственная молодежная политика является одним из приоритетных направлений в деятельности многих стран. Основным нормативным правовым документом, регулирующим сферу отношений государства и молодежи в Республике Казахстан, является Закон «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» № 581 от 7 июля 2004 года, в котором определены его цели, задачи, направления, а также механизмы государственной поддержки молодежи, ее социальные и политические права.

Среди важнейших вопросов развития Казахстана в период Независимости особое место занимает молодежное направление. Это подчеркивает и молодость казахстанского государства, и значимость молодого поколения в его жизни. Более шести миллионов казахстанцев родились в годы Независимости. Выдвинув перед народом республики масштабные задачи в Послании «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», Президент Республики Казахстан – Лидер нации Н.А.Назарбаев справедливо выделил в качестве двигателя нового курса молодежь [4].

Государственная молодежная политика проводится, прежде всего, государственными институтами. Поэтому данная политика, ее темпы и эффективность зависят от возможностей государства. Но, с другой стороны, без молодежи не будет развития самого государства, что обуславливает опережающий характер политики в отношении молодежи, ее лидирующее положение среди других направлений деятельности государства.

В каждом вузе нашей страны проводится молодежная политика. Например, молодежная политика Казахского Национального университета имени аль-Фараби ориентирована на активное участие вуза в процессе становления личности студента и представляет собой деятельность администрации университета, его подразделений, различных общественных объединений, направленную на обеспечение социально-экономического, политического, культурного и духовного развития молодежи. Целью молодежной политики в университете является создание условий, способствующих интеллектуальному, духовному и физическому развитию молодежи университета, повышению ее конкурентоспособности и активизации общественной деятельности молодежи [5].

Концепция молодежной политики КазНУ принята в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом о молодежной политике Республики Казахстан, Стратегией развития университета на 2009-2011 годы. Комитет молодежных организаций (КМО), представляет интересы студентов перед администрацией университета, а также на межвузовском, государственном и международном уровне, организует системную работу и проводит мероприятия по идеологическим, учебно-административным, научным, социальным, бытовым, культурно-массовым, спортивным направлениям общественной жизни студентов.

Комитет молодежных организаций координирует все студенческие организации университета. Основная деятельность КМО направлена на повышение гражданской активности студенчества, укрепления деятельности общеуниверситетской структуры студенческого самоуправления на факультетах, создание сильной эффективной команды единомышленников, усилению взаимодействия Ректората со студентами. Приоритетным направлением деятельности КМО является улучшение эффективности идеологической работы со студентами, организацию информационной и аналитической работы студенческого самоуправления. Основной задачей является во-первых, стать условием для реализации творческой активности в учебно-познавательном, научно-профессиональном и

культурном отношении. Во-вторых, стать реальной формой студенческой демократии с соответствующими правами, возможностями и ответственностью. В третьих стать средством социально-правовой самозащиты студентов. Успешная реализация молодежной политики КазНУ - ключевое условие создания положительного имиджа КазНУ не только как классического университета, но и как важнейшего социально-культурного центра жизни молодежи, в котором формируются профессиональные и социальные навыки студентов [6].

В Казахстане за период независимости было сформировано достаточное количество молодежных движений и организаций. Среди них: «Жас Отан», «Ассоциация юных лидеров», «Молодежный парламент Казахстана», «Молодежный медиа-союз Казахстана», «Кайсар», «Кахар», «Союз патриотической молодежи Казахстана», «Абырой» и др. Одни из них выдержали испытание временем, другие распались.

Необходимо модернизировать закон о государственной молодежной политике. Важно казахстанскому студенчеству не забывать о своей культурной, религиозной, этнической и языковой идентификации. Необходимо сохранить национальные корни и модернизировать свое национальное государство, поддерживая равновесие между принципами глобализации и основами социокультурной идентичности казахстанского студенчества. С другой стороны, создание единого образовательного пространства (в рамках подписания Болонской конвенции) предполагает трансформацию идентификационных оснований студентов по направлению унификации. Эти новые факторы могут по-разному отразиться в культурной идентичности студентов мегаполисов и городов масштаба областных центров. Выявление этих различий весьма актуально не только в теоретическом, но и в практическом отношении и требует специального детального социологического анализа.

Успешность развития нашего государства в значительной мере зависит от того, признают ли её собственные молодые граждане - причисляют ли они себя к гражданам этой страны, ощущают ли свою связанность с ней, чувствуют ли ответственность за происходящее, гордятся ли её успехами, преемником которой она является. Молодежь - главный потенциал развития Казахстана, крайне важен для формирования адекватных научно обоснованных прогнозов будущего казахстанского общества.

Список использованных источников:

1. В.Т. Лисовский, В.А. Ядов. Молодежь и современность. - М.:МГУ. 1978
2. Иконникова С.Н. Социология молодежи. - Л.: Знание, 1985.
3. <http://www.bestreferat.ru/referat-56682.html>
4. Казахстанская правда, 15 декабря 2012.
5. <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/44438>
6. <http://www.kaznu.kz/ru/>

**Ә.А. Әлім, Н.Б. Есхуатова,
Баспасөз және электронды БАҚ
кафедрасының аға оқытушылары**

Артында жақсы із қалдырған...

Белгілі қоғам қайраткері, жазушы - публицист, сара сөздің сардары Сапар Байжановтың шексіз шығармашылыққа толы, биік талғамды, қуанышы мен реніші қатар жүретін, шынайы сезімді талап ететін журналистика деген салада қалам тартпаған жанры жоқтың қасы.

Шығыстың ойшылы Сағди: «Бұл өмірде адамға берілетін сыйдың үлкені - қарапайымдылық, мейірімділік және артына қалдыратын жақсы аты», - деген екен.

Болашаққа аманат еткен, оқырманы іздеп оқитын Сапар Байжановтың есімі осы Сағдидің өмірлік кредосымен тұспа - тұс келіп отыр.

Сапар Байжановтың есімі тарихта алтын әріппен ойылып жазылғанына күмән келтіртпейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 тамызда қабылданған №1122 қаулысы болды: оған Мұқан Төлебаев көшесіндегі өзі тұрған 53 - үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды, Алматы қаласы көшелерінің біріне және № 162 қазақ орта мектебіне есімі берілді, марқұмның жатқан жері «Кеңсай» зиратында орналасқан қабірінің басына құлпытас орнатылды, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің көмегімен «Алакөбеде оят мені» романы басылып шықты, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінде жыл сайын дәстүрге айналған «Сапар Байжанов дәрістері» - «Байжановские чтения» ғылыми конференциялары ұйымдастырылып келеді.

Сапар Байжанов сияқты ұлы қаламгердің есімі халық жадында мәңгі сақталуы - мұндай игілікті іс - шаралардың атқарылуынан деп білеміз.

Сапар Байжанов 1929 жылы Жамбыл облысының Шайқорық ауылында туған. 1936-1946 жылдары мектеп қабырғасында оқыды. Еңбек жолын 1947 жылы Алматы облысы, Кеген ауданының Жалаңаш ауылындағы орта мектептің мұғалімі болып бастады, содан кейін Кеген аудандық халық ағарту бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеді. 1952 жылы ҚазМУ-дың журналистика бөлімін бітірді.

1950 жылы университетте оқып жүргенінде «Лениншіл жас» газетіне әдеби қызметкер болып қабылданып, мұнда 1958 жылға дейін бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1958-1964 жылдары «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында алдымен, редактордың орынбасары, кейін бас редакторы болып жұмыс істеді. 1965-1973 жылдары Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы, баспасөз секторының меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1973 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторлығына тағайындалды. Бұл қызметте 11 жыл жұмыс істеді. Осы жылдары ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Журналистер одағы басқармасының бастығы болып істеді. 1993-1999 жылдары Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі сіңген зейнеткер болды [1].

Жақсы журналистке қандай қасиет тән, нендей талаптың үдесінен шығу керек дегенде, ең әуелі алдындағы ақ қағазына, қаламына адалдық, ел мүддесі, халық тағдыры, Отаныңның бүгіні мен келешегі үшін жауапкершілік дер едім. Осы сипаттау Сапар Байжановтың болмысын ашып тұрғандай.

Сапар Байжанов - қазақ журналистерінің тұтас бір буынының ұстазы. Жәй ұстазы емес, ұлағатты ұстазы. Тағдырдың жазуымен жазушы 1958-1964 жылдары «Мәдениет және тұрмыс» журналында бас редакторлық қызмет атқарады. Сондықтан әңгіменің желісі оның редакторлық қызметіне тоқталуын талап етіп отыр.

Сапар Байжанов бір кездері екі ірі республика деңгейінде танылған басылымда бас редактор қызметін атқарды. Бірі - «Мәдениет және тұрмыс» журналы болса, екіншісі - «Социалистік Қазақстан» газеті. Осы жылдар арасында ол баспасөз ісін шебер ұйымдастыра отырып, қоғамның саяси өміріне де белсене атсалысты, көркем дүниелер тудырды. 1958 жылдың шілде айынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша «Мәдениет және тұрмыс» атты жаңа журнал ашылады. Сол кездегі тұрмыс мәдениетін көтеру ісіне атсалысатын, ұйытқы болатын журналды өмірдің өзі керек етті.

Бұл ретте журналдың шығуына себеп болған, сол замананың кемші тұстарын ардагер - журналист Зәкір Асабаевтың өз аузынан: «Ауылдың мәдениеті мен тұрмысының қиын жағдайы: қиқы-жиқы үй, ойқы көшелер, ауыз су тапшылығы, клуб, кітапхана, қызыл отау, монша жұмыстарындағы олқылық, дәрігерлік қызметтің төмендігі, санитарлық - гигиеналық талаптың орындалмайтыны, тазалық сақталмауы, ең бастысы, қай салада да білікті кадрдың аздығы, жетпейтіні зиялы қауымды толғантып, қабырғаларын қайыстырды. Оның ішінде мен де бармын. Сондықтан болар, «Мәдениет және тұрмыс» журналы шығады деген хабар тарағанда, құптамаған, қуанбаған адам болмады».

Бұл сол дәуірдің журналистика тарландарының жарқын болашаққа деген үкілеген сенімі де шығар. Осылайша ел алдындағы жауапкершілігін арқалаған басылымның бұл міндетті қалай атқарғандығы туралы журнал ашылған күннен басылым жұмысын ұйымдастырып, жауапты хатшы, редакторлыққа дейін көтерілген, журналды ең оқылымды басылымға айналдыра білген Сапар Байжанов еді.

Журнал оқырмандарының сұранысы - бала тәрбиесі еді. Сапар Байжанов халықтың тамыршысы ретінде мұны жақсы түсінді. Сондықтан ол «Жайлаудағы үйлену тойы», «Өзіміздің Нина», «Бақыт қайда?» сияқты очерктер мен әңгімелерді, «Безбүйрек», «Шымылдық сыры» сияқты сын мақала, фельетондарды, «Ошаған» бөлімінде жарияланып жүрген карикатураларды, «Пайдалы кеңес», «Демалыс сағатында» бөлімдерінде жарияланған материалдарын оқырман жылы ықыласпен қарсы алатынына күмән келтірген жоқ. Бұған дәлел - редакцияға үзбей келіп тұрған хаттар еді.

Журналдың оқырманы көбейген сайын бұл бөлімдердің тақырып аясы, мазмұны тұрғысынан кеңейе түскені байқалды. Сапар Байжанов өзіндік стилі мен жазу мәнері жаңадан танылып келе жатқан жас журналистердің жаңа басылымда ерекшеленуіне, өзіндік сара жол табуына барын салды. Яғни, жастарға жол ашты.

Халықтың мәдени және тұрмыстық деңгейін көтеруге бағытталған, түрлі - түсті, көркем безендірілген, пішіні де өзгелерден ерекше «Мәдениет және тұрмыс» журналы ә дегеннен - ақ өз оқырмандарын тапты. Журналдағы көтерілген мәселелер көпшілікке жақындау, тұрмыстық деңгейдегі, күнделікті өмірде өте қажет, пайдалы дүниелер еді. Айтылуға тиым салынған - отбасылық мәселелер, отбасы мүшелерінің бір - бірімен қарым - қатынасы туралы мәселелер журналда кеңінен сөз болды. Көтерген жүгі, сән - салтанаты, формасы жағынан сол кездегі басылымдардан ерекшеленіп тұратын бұл журналды көпшіліктің жылы қабылдауы да сондықтан еді.

Журналдың басқа бұқралық ақпарат құралдарынан ерекшелігін ғалым А.С. Щербаков: «Газетпен салыстырғанда журналдың оқырманды күн сайын ақпараттандыру арқылы әсер етіп тұратын мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, журнал қоғамдық өмірдің айтарлықтай

құбылыстарын терең талдап отырады. Газеттің мақсаты - қоғам мүшелеріне барынша жедел ақпарат тарату болса, ал журналда сол оқиғалар бүгінгі өмірді айна - қатесіз бейнелеу үшін деректік негіз бен өмірлік мысал ретінде қолданылады», - дегені бар.

Сапар Байжанов редактор ретінде басылымға көптеген жаңалықтар енгізді. Редакторлық қат - қабат, қарбалас жұмыстың ара - арасында «Дәстүрдің озығы, тозығы бар», «Жақсың да жақсы көрібес - күтіп, сәндеп кимесең», «Жасыл жапырақ - жан саяң» сияқты тақырыптағы толғағы жеткен, толымды мәселелерді көтеріп отыруы оның көзі ашық, көкірегі ояу журналист екендігін көрсетті.

Белгілі қоғам қайраткері Сарбас Ақтаев ол туралы: «Сапар Байжановтың қайда жүрсе де мәдениет мәселесіне немқұрайлы қарай алмайтын азаматтығы бар еді. Елуінші жылдардың аяғына таман республикамызда ең алғаш мәдениет жайында арнаулы журнал шыққанда қуанышы қойнына сыймай, оны құныға оқығандардың бірі едік. Өнер атаулыға етене, тұрмыс мәдениетіне тереңірек зер салып, елді - мекендердің ажар - көркіне баса мән беретін жаңа басылым оқырман жүрегіне бірден - ақ жол тауып, жалпы жұрттың сүйіктісіне айналды».

Басылымдағы «Журнал дабылынан кейін» айдары аясында көптеген фельетон, сын - сықақ жарияланғаннан кейін, жалғасы ретінде «Кемшілігімізді түзеттік, бәленбайды жұмыстан қудық» деген сыналған объектілерінен жауап түріндегі хабарлар - кез - келген проблеманың шешімі бар екендігіне халықты сендіре білді.

Белгілі ақын, журналист Сағи Жиенбаев журналдың «Өлеңмен сырласқанда...» айдарында оқырмандардан келген өлеңдерге шолу жасап, талдап, сәтті мен сәтсіз шыққандарын іріктеп, үнемі пікірін білдіріп отырыпты. Бұл да Сапар Байжановтың - қарамағындағы журналистердің халықпен етене жақын болуын талап етіп қойғандығы еді.

Журнал әдебиет саласын да айналып өтпеді: әңгіме, повестер үнемі жарияланып тұрды. Ондағы негізгі тақырып - ұлттың тұрмыс салты, ауылды мәдениеттендіріп, көріктендіру мәселелері еді. Мәселен, Естөре Оразақовтың «О дүниеден оралған жан», жазушы Асқар Лекеровтың «Ұлыма хат» атты новеллалары, Рамазан Тоқтаровтың «Енелер мен келіндер» повесі журналдың бірнеше санына қатар жарияланып, тақырыптардың өзі өмірден алынғандығынан ерекше оқылымды болды.

«Мәдениет және тұрмыс» журналында фотосуреттерді сөйлететін «Шымшыма театр» айдары да өз жұмысын істеп тұрды. Бұл айдардың бір ерекшелігі - суретпен қоса мәтіні берілуінде еді. Мәтінің өзі өлең - диалог түрінде болып, театрдағыдай кіші - гірім шығармашылық топ жұмыс істеді. Театр қойылымына негіз болып, сыналған тақырып: ауыл адамдарының ескіліктен арылғысы келмей, жаңаны қабылдай алмауы болды. Мәселен, бұл қойылымда сол кезде әдетке айналған дастархан басында жайғасып жатқан ауыл адамы бейнеленген. Бұл жерде ауыл тұрғындарының өз проблемаларын кеңсе, үстел басында, өркениетті шешпейтіндігі сынға алынған. «Шымшыма театрдағы» үй иесі мен қонағының рөлін ойнаған әртістер Р.Сейтенов және К. Сәлменов, сөзін жазған ақын Қ. Тоғұзақов еді. Журналдағы мұндай жаңа форма - жаңашылдық, тартымдылық, әсерлілік әкелді. Оқырмандар журналдағы фотосуреттер арқылы кіші - гірім фильм тамашалағандай әсерде қалатын болды.

«Мәдениет және тұрмыс» журналы жағымды үрдістерді халық жадына сіңіріп, дәстүрге айналдыру жолында көп еңбек етті. Оған «Игілікті істердің бастамасы», «Біздің ауылдың адамдары», «Ауыл мәдениетінің жаршысы» сияқты айдарлар дәлел болды. Мәселен, осы журналдың 1960 жылғы №1 санында академик - жазушы Сәбит Мұқанов «Жаңа жылдық тілектер» айдарында басылымды кітап насихатына көбірек мән беруге, әрбір еңбеккердің үйінде кітапхана болатындай дәрежеге жетуге мотивациялайтын мақалалар жариялап тұрды. Орынды сыннан қорытынды шығарған басылым редкциясы келесі санында ауыл кітапханалары, кітапханашы мамандығы туралы хабарлар топтамасын жариялады.

Әр басылымның оқылымды болуы редактордың шеберлік қырына, біліміне, тәжірибесіне, теориялық әдебиеттермен қарулануына, редакцияның ішкі жұмыстарын ұйымдастырудағы біліктілігіне байланысты екендігі белгілі. Бас редактор - ірі шығармашылық тұлға ретінде басқа журналистерге жолбасшы болуы шабытты ортаның қалыптасуына негіз болады.

Сапар Байжанов редактор болған тұсында қандай кәсіби ұстанымдарға жүгінгендігін, оның «Лениншіл жас» газетіне берген сұхбатында: «Журналдағы тақырыптарды бадырайта, батпаңдай ірі әріптермен көксите беру, үлкен көлемді, әрқилы фотосуреттермен елең еткізумен газет бетін безендіру тәсілдерін ұнатпаймын. Мүмкін арманшыл, алғыр, мінезі де ойнақы жас журналистерге өз мәтіндерін осындай тәсілдермен беру ұтымды болар, бірақ салиқалық пен салмақтылық сияқты ұғымдардың шегарасынан асуға болмас.

Әйтсе де, төрт бетке бірдей көлдей - көлдей мақала, очерктердің берілуі газеттің тақырып аясын тарылтпай қоймайды. Жазғаны газет бетінен орын алатын адамдардың да аясы қусырыла бермек. Әсіресе, алыстағы ауылдан жазатын, өзінің жоқ - жітігін, арман - үмітін, мұңын шағатын хаттарға орын қалмайды. Кесек, күрделі проблема көтеретін - ірі көлемді мақала, яки айтар ойы да, тілі де шұрайлы очерк - әңгімелер де ұдайы жарық көргені ұтымды. Ойға жұтаң, тілі қасаң, қарадүрсін хабар - ошардан, әлбетте, қашу керек. Әйтсе де, таптаурын болған тақырыптарды шиырлаудан, ең бастысы өзін - өзі қайталаудан сақтану, қайткенде құнарлы, соны өзгерістерге қол салу, білікті, жазымпаз авторларға арқа сүйеу бағытындағы ізденістеріңнен айнымағандығын мақұл болар. Біздің көп жылдық тәжірибеден түйген түйінімізді ортаға салсақ - газеттің бір саны екіншісіне ұқсамасын, әр санында қалайда бір яки екі нағыз шұрайлы, дәмді, керек дүние шығып тұрсын, газеттің әр саны жанр, география, автор құрамы мен саны, тақырыбы жағынан да неғұрлым бай, кенен келсе құба - құп дейтін қағидалар».

Журналист Сапар Байжановтың Алжир мемлекетіне сапарында кеңестік кез үшін таңсық сырттан бақылайтын дисплейлерге көзі түсіп, қызығушылық танытады. Осы тұста техникалық жағынан кенжелеп қалған ел өкілі екендігіне қынжылысын мына бір деталь арқылы білдіреді: «Жапония бұйымы, қымбат», «орталық министрлік арқылы әзер алдырдық» деп мастана, мардамси сөйлейді елші. «Сендерге қайда?» деген күйінішті сұрақ қоя отырып, еліміздегі архив төңірегінде жиналған мәселелердің тиегін ағытады. Осы бір ғана болар - болмас деталь арқылы күрделі мәселелер жайына ауысады. Мұны журналистік тапқырлық, көрегендік деп бағалауға болады.

Журналистикадағы детальды қолдану мәселесі туралы ғалым Е.П. Прохоров: «Детальдың дәлдігі публицистің ішкі дайындығы мен дарынына байланысты. Шығарма жалпыға белгілі ортақ стереотиптер туралы болғанда, басы артық детальдың қажеті жоқ. Детальдар автордың өз кейіпкерін бағалау деңгейін көрсетпейді, образдар жинақтала келе оқырманға кейіпкердің болмысын толық бейнелейді, оны түсініп бағалауда, эмоционалдық көзқарас қалыптастыруға, жақынырақ танысуға, жадында сақтап қалуға көмектеседі. Мұның бәрін тек логикалық түсіндіру формасында жеткізу мүмкін емес».

Автордың Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жазған мақалаларында да ұлттық мүдде, туған тіл, ұлттық өнерімізді дәріптеу, көркейту, ұлт ретіндегі ұтылыс тауып жатқан тұстарымыз, өзге ұлттар арасында еңсеміздің биік болуы, ұлттық тарихымызға жаңаша көзқарас, тағы басқа мәселелер көтеріледі. Халықтың ұлттық қайнар бұлағы мен нәрінен сусындап өскен автор мақала, очерктерінде «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ашатын детальдарды сәтті қолданады. Журналистің байқампаздығы, ішкі интуициясы мен бағалау дәрежесі, өзінің көңіліне түйгендерін оқырманға жеткізу шеберлігі шығарманың оқылымдылығын арттыра түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жақсылықбева Р.С. Публицистің шығармашылық шеберханасы.- Алматы: «Қазақ Университеті» Баспасы.2011.

Өтепова Т.А.
2 курс студенті,
ғылыми жетекшісі

аға оқытушы Э. С. Сұлтанбаева

Журналист – қоғамдық тұлға

Әрбір мамандықтың өз қиыншылығы мен қызықтары болатыны секілді, журналистік мамандық та өз саласының ағымы бойынша пайда болған. Қандай мамандық болса да, ол өз ерекшеліктерімен көзге түсері белгілі. Демек, журналист басқаға ұқсамайтын, өзгелерден айырмашылығы бар мамандық. Ол өз шығармашылығы арқылы қоғамға, адамға қызмет етеді. Журналист әркез жаңаны жақтаушы, бар жақсылықты қолдаушы болып табылады. Сөйтіп газет-журнал немесе радио мен телевидениенің жұмысын атқарып, творчестволық қызмет жасайды. Ол редакция жұмысында бірінші — ұйымдастырушылық, екінші - әдеби өңдеу, үшінші - шығармашылықпен айналысады. Кез-келген мамандықтың ілімі болады. Журналистиканың да өзіне қатысты ілімі мен білімі, іс-тәжірибесі болмақ. Кезінде ұлы ғалым М.Ломоносов журналист туралы өзекті ойларын айтқан. Оның еңбегі «Журналистік дәреже туралы диссертация» деп аталған. Негізінен, журналист қандай дәрежеде және қай уақытта болмасын жұмыс істесе де, қоғамдық ақпараттық саланың қызметкері болып есептеледі. Сондықтан оның мойнына жүктелетін жауапкершілік те үлкен бола түспек. Бұл үшін оған білім мен қабілет қажет. Оған қоса өмірдегі құбылыстардың мәнін түсіне білу де үлкен қасиет болып саналады. Қандай оқиғаны болсын тапқырлықпен, сенімді түрде, көз жеткізіп жазатындай болуы керек. Жұртқа өмір жайлы толғап айта білу де үлкен өнер. Ол үшін тіл, сөз байлығын қолдану қажет. Тағы бір айтарлық жайт, журналист қоғамдық қайраткер бола алса тіпті жақсы. Ол уақыт, заман ағымын жақсы түсінуі тиіс. Ол идеяға толы материалдар жазып,

жұрттың назарын аударып білгені жөн. Сандық даму заманында өмір сүріп жатқаннан кейін, журналист ойы креативті, шыншыл болуы тиіс [1, 442-бет].

Журналистің тағы бір қасиеті — оның саяси-әлеуметтік қызметіне, дүниеге деген көзқарасына, өзінің азаматтық позициясына байланысты. Бұл жан-жақты білімділік пен саяси-азаматтық тұрғыдан өсу, кемшіліктерге төзбеу, өз өмірін халық ісі үшін арнауға келіп тіреледі. Себебі, журналист – халық адамы. Әрбір журналист өз елінің шын патриоты болумен бірге, сол мемлекеттегі және жер жүзіндегі оқиғалар мен құбылыстарға сергектікпен қарап, жедел түрде барлық ақпаратты қабылдап, жариялап отыруы міндет. Журналист өз қызметінің жемісін жегісі келсе, онда ол интеллектуалдық, психологиялық, творчестволық қабілетін толық пайдаланып, сонымен бірге табанды, әділ, батыл қасиетімен де танылуы тиіс. Ал ақыл-ой, эрудиция бірінші орында тұруы керек. Сондай-ақ журналистің жеке бас мәдениеті көп нәрсені аңғартады. Әсіресе, журналистің мәселені терең білушілігі аса қажет. Онсыз журналистің табысты жұмыс істеуі екіталай. Өмірде журналист әртүрлі жағдайға кездесуі мүмкін. Соның бәрінде жан-жақты хабардарлық, білімділік болмаса кей нәрсенің анық-қанығына жету, ақ-қарасын айыру оңай емес. Оқиға мен фактіге жеңіл-желпі қарамай, оның түпкі мәніне, себеп-салдарына назар аудару керек. Ол үшін сол саладағы арнайы мамандармен кеңесу артық емес. Жаңа мәліметтерді салыстырып қараған да жөн. Бәрі анық болғанда ғана журналист мақала жазу керек. Бұл орайда жақсы дайындық, жаңа мәселелерді тез аңғару, проблеманы байқай білу шарт. Сөйтіп ашық түрде өз көзқарасыңды білдірген жөн. Сондықтан журналист әрқашан өз білімін теориялық тұрғыдан толықтырып, практикалық тұрғыдан ізденіп еңбек ете білгені дұрыс. Журналист болу үшін рухани және өмірлік дайындықтар болуы керек. Өзіңді журналистік мамандыққа арнап, таңдағаннан кейін, сол жолда аянбай қызмет еткен абзал. Ол принципті түрде, қайсарлықпен бұқаралық ақпарат құралдары алдындағы өзінің міндетін, борышын, бар күш-қайратын салып орындайтын маман. Бұл ретте журналист өзінің ұстамды мінезімен, қиындыққа қарсы тұратын күрескерлігімен, инициатива танытқыштығымен, тез арада шешімдер жасай білуімен ерекшеленеді. Ол қай істе болсын нәтижеге жетуге тырысуы керек. Журналист жұртпен тіл табысқыш болса тіпті жақсы. Ол қашанда жинақы, қиын жағдайдың өзінде жұмыс істей алатын, аңғарымпаз және сезгіш болуы керек. Оған есте сақтағыш қабілет те өте қажет. Тез ойлап, тез жазу да жақсы нышан. Журналистің өз жұмыс істеу тәсілі, өз ерекшелігі болуы заңды. Әркімнің сондай-ақ өзі қалайтын тақырыбы да болуы мүмкін. Журналистің стиль қалыптастыруы да үлкен жетістік. Ал жалпы кәсіби және шығармашылық қасиет пен ерекшелік бір-бірімен ұштасқанда нағыз журналист қалыптаспақ. Журналист өз қызметінде тек қана шындықты жазып, барлық мәселені объективті түрде қарау керек. Нағыз журналист өмірде осылай еңбек етуге, осылай өмір сүруге тиісті. Бұл журналистің алдында тұратын үлкен борыштардың бірі. Журналистиканың маңызы жариялылық болса, халықты тек қана объективті түрде, жан-жақты әрі дәл де, анық ақпараттық хабарлармен, материалдармен қамтамасыз ету керек. Сондықтан, ең алдымен өмірдегі жайларды деректі фактілерге сүйене отырып жазу керек. Бұл - шыншылдыққа бастайтын негізгі жолдың бірі [1],[2].

Журналист еш уақытта қателеспеу керек, бұл да басты принциптердің бірі. Өйткені, журналист қателесе, ол бір адамның қателесуі емес — мыңдаған, миллиондаған адамға сол қателіктің зияны тиюі мүмкін. Жұрт нағыз журналист жазған материалға сеніммен қарайтынын ұмытпау керек. Журналист қателесе, оқырмандар мен көрермендердің, яғни, халықтың өзіне деген сенімінен айырылады. Алайда журналист қателесе қалған жағдайда, өз қатесін мойындап, оқырмандардан кешірім сұрауы тиіс. Жалған намысқа тырысып, кешірім сұрауға арсынбау керек. Журналистің қателігі оның өзіне ғана емес, ол жұмыс істейтін газет-журналға, радио мен телевидение атына кір келтіретінін ойлау керек. Сондықтан фактіні өзгертіп қолдану, өтірік жазу журналисті жарға жығады. Әр нәрсені өз атымен атап, айқын көрсетіп отыру қажет. Бұл орайда жауапкершілік пен адалдықты есте ұстаған жөн. Журналистің ары бәрінен қымбат болуға тиіс. Әйтпесе, ол халықтың сөзін

сөйлеп, халықтың сенімін ақтай алмайтыны түсінікті. Ал, өзіне-өзі риза болушылық және мақтаншақтық журналисті тоқырауға ұшырататын қылық болып есептелінеді.

Қазір журналистиканың бағы ашылып, жұлдызы жанған кезең деп білген жөн. Бұрынғы қыспаққа алған заман мен білімнің жетіспеушілігі бүгінгі күні жоғалған. Журналист адамдармен қарым-қатынас жасай жүріп өмірдің таңғажайып сырларына қанығады, өзінің санасы мен ой-түйсігін тереңдетеді. Журналист ой-пікірді қағазға түсіргенде, оның өзгелерге, яғни, жұртшылыққа түсінікті болуын алдын-ала ойластыруы қажет. Екіұшты ұғым беретін жайлар болмауы керек. Айтқалы отырған идеямен оқырман келісе ме, жоқ па, соған көз жіберген жөн. Қоғамда әртүрлі көзқарастар, ой қайшылықтары кездесуі мүмкін. Соның бәріне ортақ ой-пікірлер арқылы жол таба білген жөн. Журналистика мен журналист құқығы туралы әр мемлекетте, әр заңдарда айтылып жатады. Журналист — өз саласындағы толық құқы бар кәсіби маман. Оның құқына ешкім қол сұғуға қақысы жоқ. Ол журналистикада білім алып, соған орай қызмет ететін тұлға. Журналист өз елінің басқа да азаматтары немесе мамандары секілді, мемлекеттік тәртіп бойынша, заң шарттарына сәйкес өмір сүреді. Ол өзінің кәсіптік жұмысы, шығармашылық еңбегі арқасында қызмет жасап, іс-әрекет етеді. Ол еркін еңбек етуге, демалуға, қоғамдық өмірге қатысуға құқылы. Журналистің заңға, адамгершілікке қайшы келмейтін жұмыс жасауына ешқандай кедергі болмауы тиіс. Журналистің еңбегі халықтың көз алдында болады. Ол не айтса да, жазса да халыққа жариялы түрде белгілі болып отырады. Журналист өз құқығын пайдаланып, басқалар бара алмайтын жерлерге, мекемелерге барып, жолығып, сөйлесіп, деректер алуға ерікті.

Келесі бір айтатын нәрсе журналистік этика туралы. Этика - адамгершілік пен мораль туралы теориялық заңдар мен практикалық талап-тілектерді зерттеп, қалыптастыратын ғылым саласы. Яғни, адамдардың қоғамдағы өмір сүру нормалары мен бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы ұғымды танытады.

Еңбексүйгіштік, адалдық, достық, сыйластық, сыпайылық, өзіңді-өзің дұрыс ұстай білу, жақсы мінез осының бәрі этика критерийлерін анықтайды. Сөйтіп, этика жалпы алғанда адамгершілік принципіне бағынады. Этика саналы азамат болуды қалайды. Демек, журналист те осындай қасиеттерге ие болу керек екені түсінікті. Өйткені журналистің кәсіби мамандығы мұндай қасиеттерсіз табысқа жетуі қиын. Этикалық нормалардың заңда жасалмаған тұстарын журналист өзі ақылымен, сана-сезімімен ұғып-білуге тиіс. Ол адамгершілік идеал мен азаматтық парыздан туындайды [2],[3].

Журналист қауымының қаламынан туған кез-келген шығарма оның жан-дүниесі арқылы өмірге келеді. Ал, теледидар алдында ойға олақ, тілге шорқақ біреу өмірмен нақты байланыссыз жалаң сөзді сапыра жөнелсе-ақ болғаны, көрермен теледидарды өшіре қояды. Бұл – шындық. Аудиторияны, яғни тыңдармандарыңыз бен көрермендеріңізді жоғалтып алмайын десеңіз, сіз көрермендерді отты сөзіңізбен, кемеңгерлік қасиетіңізбен, ақыл-парасатыңызбен жаулап алуыңыз қажет. Себебі, онсыз журналист журналист емес.

Қазір Қазақстан журналистикасы тек өз республикамызбен ғана шектеліп қалмайды. Бүгінгі заманда олай болуы мүмкін де емес. Әрине, уақыт талабы да басқа екені белгілі. Өйткені, бұрынғыдай емес, әр ел өз тәуелсіздігін алғанмен жер шарының бүкіл елдерге, халықтарға ортақ мәселесі аз емес. Мысалы, бейбітшілік, табиғат апатына тосқауыл, экология, экономика, саясат, мәдениет, ғылым, халықтар достығы еш уақытта тар шеңберде қалып қоймайды, оған қоса, ондай мәселелерді тек бір елдің, бір республиканың шешуіне де мүмкіндік бола бермейтіні белгілі. Сондықтан бүкіл адамзаттық мәселелер бәрібір ортақ тіл табысуға, бірлесуге, өзара келісімдер жасауға әкелетіні белгілі. Осы ретте Қазақстан журналистикасы да жер жүзі журналистикасы секілді даму, қалыптасуды бастан өткеріп отыр.

Журналист – халық адамы. Ол мемлекет пен қарапайым халық арасындағы алтын көпір іспеттес. Ел осы аталмыш көпір арқылы саясатты да, мемлекеттік істерді де, халықтық жағдайды да, елімізде және әлемде не болып жатқанын көзімен көріп, құлағымен еститін

қоғам. Сондықтан, халық алдында журналистің жауапкершілігі өте үлкен. Ол өзі айтқан әрбір сөзі мен ойына мұқият болып, абай болуы қажет. Бұл орайда журналист өз калыпты деңгейінде қалмақ емес, қайта керісінше көптеген ізденістер жасамақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдайберген Тұрсын, «ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫ» энциклопедиясы (I,II-бөлім)
2. Ворошилов В.В, «Права и этика в журналистике», Санкт-Петербург, 2004г,320стр.
3. Қ. Шамахайұлы «Қазақ шешендік өнері және журналистика». «Ақ жол-Қазақстан»,№51,19.12.2003ж.

Дастан Аққожа,

журналистика мамандығының

2 курс студенті,

ғылыми жетекшісі

аға оқытушы Э. С. Сұлтанбаева

Түймебай Әшімбаев жарияланымдарының жанрлық сәйкестігі мен «Отанды қорғауда» газетінің дамуына әкелген үлесі.

Қазақстан тарихы өз кезінде біраз жан-жақты жетілген, тау тұлғалы қазақ тумаларын көрген. Оның біразын мектеп қабырғасында жүріп-ақ танығанбыз. Дегенмен, сол жанардың тек белгілі бір салада атқарған еңбегін зор бағалаймыз. Сондай ғалым жандардың бірі – Түймебай Әшімбаев. Отанық экономик ғалымдардың маңдай алды ұстазы атанған жанның осы салада сіңірген еңбегі бөлек бір тау. Сол таудың тек шыңын ғана көрсетер болсақ, ол Түймебай Әшімбаевтың 350-ге жуық ғылыми еңбектері мен 1958-1995 жылдар аралығында Экономика институтының директоры болғаны. Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері өндірістік қорларды тиімді пайдалану, өндіріс қарқынын жеделдету және оның экономикалық тиімділігін арттыру, инвестиция мен негізгі қордың ұдайы өндірісі, еңбек өнімділігін арттыру, қор қайтарымы және қор сиымдылығы мәселелеріне шам жарығын түсіріп, осы тақырыптарға жол салған ізбастаушы болып келеді.[1]

Отандық экономика саласының асқары атанса да академиктің майдандық журналистикада 2,5 жылға жуық тер төккені көп адамға мәлім. Қайтсе де тілші бейнесіндегі ғалымның еңбегі тиянақты түрде зерттелмеген. Тақырып өзектілігі – Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы кезінде майдандық газеттердің қазақ журналистикасында алған орын ерекшелігі мен онда тер төккен азаматтардың майдандық журналистика бөліміне сіңірген еңбектерінің анықталмауында. Осы күнге дейін Түймебай Әшімбаевтың

Ленинградтық блокада кезінде атқарған журналистік қызметі туралы айтылса да ол сөз тек естелік-мақала ретінде ғана газет беттеріне басылып шыққан. Менің алға қойған мақсатым осы қателікті түзеу. Яғни «Қызыл жұлдыз» орден иегерінің майдандық журналистикасының дамуына сіңірген еңбегін айқындап көрсету.

Академик Түймебай Әшімбаев жоғарыда аталып өткендей газетке тілші болып келмесе де бұл саланың сырын тез-ақ игеріп кеткен. Оның қаламының ұшынан 30 жарияланым шығып, 45 нөмірге басшылық еткен. Одан өзге аудармашы ретінде ұзақ уақыт тынбай еңбек еткен.

Ғалымның адамдық қасиеттері мен кәсіби мықты қырларын оның әріптесі Бисен Жұмағалиевтің КСРО Қорғаныс министрлігі жанындағы партиялық комиссияға жазған хатынан білуге болады:

«За время работы в газете тов. Ашимбаев пользовался авторитетом в коллективе. За короткий срок он хорошо освоил газетное дело. Тов. Ашимбаевым были переведены на казахский язык для нашей газеты основные политические материалы того времени. Кроме того им были напечатаны несколько удачных очерков, посвященных героизму наших солдат и офицеров». Осы сөздерден Әшімбаевтің журналистиканың біршама сырын игеріп қана қоймай, жақсы адам болғандығы көрінеді. Зерттеу жұмысымның бұл бөлімінде Ленинград блокадасының белсендісі шыққан туындылардың журналистика жанрларына сай жазылуына байланысты талдап, топтаймын. Және де газеттің бірнеше нөмірлерін салыстыру арқылы академиктің баспаға қандай серпіліс беруін айта кетпекпін. Газеттің бастапқы нұсқасы мен жылдар өте сапасы да ұлғайған Әшімбаев мырзаның қарамағындағы газеттің біреуін алып салыстырдым. Ең алғашқы 1942 жылдың 6 қарашадағы газет тек 1 парақ бет пен 11 заметка тектес материалдан тұрса, Түймебай Әшімбаевтің басшылығымен шыққан 1944 жылдың 10 қарашасында шыққан газет айырмашылығы жер мен көктей. Екіншісі Соғыс ерлері, майдан тарихы, шет елдер жаңалықтары, мемлекет саясаты, майдан сықағы сынды журналистиканың барлық бағыттарына сай материалдардан құралған. Анекдоттар мен сурет-карикатулар өз орнын тапқан газетте бәрі бар. Бастысы майданға жетер рух, сенім, әзіл.

Ендігі кезекте майдандық журналистің газетке әкелген өзге де өзгерістерін айта кетсек. Түймебай Әшімбаев газет редакторы атанған сідтен бастап оның құрылымдық концепциясы өзгеріске ұшырайды. Мысалы, қазақ тарихы, ақын-жазушылардың туындылары газет беттерінде өз орындарын табады. 1944 жылдың 28 маусымындағы нөмірдегі Дихан Абилевтің «Қазақ қызы» атты Мәншүк Мәметоваға арнау.

Жауынгерлерге рух беру мақсатында журналист майданнан келген рухты өлеңдерге орын тауып, жаудан азат етілген территориялар картасын ұдайы салып тұрады. Ерекшеліктің бірі газет көлемінің ұлғаюы, айдарлар санының өсуі мен марапатталған әрбір жауынгер атын әр нөмірде жариялауы. Ел рухын көтеру үшін Сатлиннің әр жолдауын арасын суытпай майдандағы жауынгерлерге жіберіп отырған. Өзі де әскери операцияларға қатысып лейтенант шеніне дейін жеткен. Тұлғаның кәсіби мансапта өсуін мақала астына қойған қолдарынан да байқауға болады. Газеттің бастапқы нөмірлерінде тек «Т. Ашим.» делінсе, уақыт өте келе « кіші лейтенант Т. Ашимбаев», «лейтенант Т. Ашимбаев», «редактор орынбасары Т. Ашимбаев» деген қолдар да пайда болған. Майданның сұрапыл жағдайында жауынгерлер рухын көтеру үшін жауынгерлік хаттарды да қабылдап отырған. Әр парақтың артындағы «Біздің адрес: полевая почта 22245 А» деген мекен-жайды әрбір қазақ жауынгері көре алған.

Академик Түймебаевтың негізінен бағытталған бірнеше жанрлары бар. Олар: Очерк, Мақала, Репортаж. Осы типтес материалдарда білімі жоғары. Оны салыстыру арқылы білуге болады. Ғалым жұмыстарымен таныса отырып осы 3 типтегі материалдарды ережесін оқу арқылы табу мүмкіндігі зор.

Репортаж. Бұл жанр төңірегінде зерттеушілер арасында түрлі көзқарастар бар. Ал, осы пікірлерден шығатын қорытынды, біріншіден, репортаж - негізгі фактіге құрылатын, оқиғаны шындықпен суреттейтін әрі белгілі бір объектіге арналатын жанр. Бұл қасиеттердің барлығы оның хабарлама жанрына жататынын дәлелдейді. Екіншіден, репортаж - эмоциямен жазылады. Оқиғаны әсерлі етіп, әдемі сөздермен өрнектейді. Үшіншіден, репортаж - халықтың көзі мен құлағы тәрізді. Оны жазу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Репортажды жазу үшін оның жанрлық ерекшелігін жете меңгерген жөн. Оны жазған журналист өзі қатысқан немесе өзі бақылап тұрған оқиғаны әлі жеткенше көркем тілмен жазуы керек. Төртіншіден, репортаж - нақты бір уақыт аралығындағы болып өткен жаңалықты, оқиғаны қамтиды. Репортаж басқа хабар жанрлары сияқты жаңалықты, оқиға, құбылысты жай хабарлай салмайды, көз алдымызға елестетеді, суреттеп көрсетеді. Оқиғаның болған жері, ондағы кейіпкердің көңіл-күйі репортаж арқылы көрсетілуге тиіс.

Очерк мақсаты – ақпаратты қызғылықты етіп және байытып беру, алған әсерімен бөлісу арқылы оқырманды қызықтыру. Очерк тілшінің құрғақ фактілерді ой елегінен өткізіп, жанымен сезініп, оқырман жүрегіне жеткізуді талап етеді. Фактілер барынша көркемделіп, әдеби бағытта өрбиді және оларды баламалап беруге болады.

Публицистикалық Мақала қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды.[2]

Газет беттеріндегі туындылардың көбінде осы жанрларға сай лептер көп. Мысалы, «Ленинград үшін» мақаласында публицистика мұнда көрінеді: «Ленинград үшін қасық қан қалғанша күресу қазақ жауынгерлерінің борышы, олардың қасиетті міндеттері! Ленинград үшін, алға!» Осылай жауынгерлерді тайсалмауға шақырады.

«Батырлар дәстүрі» материалында: «Батыр қазақ халқының ұлдары ұяда не көрсе, ұшқанда соны істеп жүр. Алдымызда әлі ауыр сындар көп, әлі де талай тар жол, тайғақ кешулер бар. Бірақ, қазақ халқының адал ұлдары ол сындардан өз елінің жауынгерлік дәстүрін арттырып, абыроймен өтеді. Ұрыста батырдың қылышынан жаудың қаны тамшылап жүруі тиіс- деген бабаларымыз. Я, тамшылап жүр және жау толық жойылып біткенше тамшылай береді де!». Бұл тамаша очерктен Түймебай Әшімбайұлының тамаша публицист екенін көре аламыз. Көлемді туындының әрбір сөзінен жауынгерлік рух пен жігер иісі еседі. Осындай публицистикалық материалдар сарыны бұнымен ғана шектеліп қоймайды. Публицистикалық стильде жазылған жарияланымдар саны нақты емес. Себебі әр туындыда стильдер аралысып тұр.

Ғалымның жұмыстарын журналистика жанрларына бөліп қарастыратын болсақ, төмендегідей кесте шығады.

Жанр	Түрі	Материалдар саны	Аты
Ақпараттық жанр	Заметка	4	«Қазақша боевой листок» т.б.
	Репортаж	3	«Баспасөз – соғыс құралы» т.б.
Талдамалы жанр	Шолу	2	«Қазақстан Отан соғысында» т.б.
	Талдамалы сұхбат	1	«Аға сержант Сайдулла Темірбеков» т.б.
	Мақала	10	«Қазақ жауынгерлерінің

			кеші», «Жас батыр», «Ерлердің бірі», «Қазақ халқының ұлы» т.б.
	Талдамалы корреспонденция	2	«Ленинград үшін» т.б.
Әдеби-публицистикалық жанр	Очерк	7	«Мерген Сәрсембай Рүстембеков»

Басты мақсатым Түймебай Әшімбаевтың майдандық журналистика дамуына сіңген еңбегін анықтадым. Жаңа айдарлар қосып ақпарат өзектілігі мен жаңашылдығын жаңа деңгейге көтеруі, көңілашарлық айдарлар қосуы жауынгерлер шығармашылығын паш ету мен шығармашылық материалдар санын ұлғайтуы. Одан өзге автордың журналистика жанрларын игеру қабілеті көрініс тапты, материалдардың жан-жақтылығын қадағалау арқылы газет сапасын көтерген. Сонымен Түймебай Әшімбаевтың майдандық журналистика дамуына сіңірген еңбегі – «Отанды қорғауда» газетін дамытушы локомотив болуы. зерттеу барысында ғалымның кәсіби, мансаптық өсуі нақтылап көрсетілді. газеттің құрылымы, тарихы, ақпараттық құндылығы мен ерекшеліктері нақты анықталды. Тарих толқынын қағаз бетіне қалдыра білген жанның арқасында дүйім жұрт Әміре Рамазинов, Сәрсембай Үрістембек, Тастан Назаров, Сұлтан баймағамбетов, Сайдулла Темірбеков т.б. секілді жау жүрек ел батырларын танып, қаһарман жандардың тарихымен таныса алды. Ел мен майданды, билік пен солдатты байланыстырған газеттің ел тарихында алар орны ерек болмақ, ол газеттің тарихындағы Түймебай Әшімбаев орны да сондай.

Сілтемелер мен пайланылған әдебиет тізімі

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Әшімбаев_Түймебай
2. [Қазақ журналистикасы. Ұжымдық монография](#), 3 томдық
3. «Отанды қорғауда» газетінің зерттелген 319 нөмірінен алынған ақпарат.

Айзат Серікбаева,

4 курс студенті,

ғылыми жетекшісі

филология ғылымдарының кандидаты,

доцент Г.С.Өзбекова

ХАЛЫҚ ӘНІНІҢ ХӘЛІ ҚАНДАЙ?!

Еліміздің еңсесіне рух беретін – тарихымыз болса, оның ұлттығын ұлықтайтын – мәдениетіміз. Әркез пір тұтатын ата салтының бүгінгі ұрпаққа жетуіне себепші болған ауыз әдебиетінің орны тіптен бөлек. Арнасына тасып жатқан өзенге ауыз әдебиетін теңестіретін болсақ, халық әні – соның бұлағы іспеттес. Жолаушының түзде шөлдеп келе жатып, бұлақ көрсе, соның бір өзінен айызы қанып шыққанындай, ауыз әдебиетіндегі шешендік сөз, мақал-мәтел, ертегі, тағы басқаларынан адам өзін ақылмен қоректендіреді. Ал, осы бір сылдырап жатқан судың ән бұлағына келіп тоғысуы өзінше бір құбылыс. Тілге

жеңіл келгенмен, әр сөзі терең мағыналы халық әндерінен мақалдың да, нақыл сөздің де көзін көресің. Себебі, ол – нәубет кезеңдердегі көші-қон үстінде үлкенге де, кішіге де, тіпті, бесікте жатқан баланың құлағына жағымды саз қондыратын ұлы қасиетке ие. Іштегі жатқан зарды астарлап айта келе, жұбанышпен аяқтайтын алқалы әуендердің бүгінге берер тәрбиесі мол.

Алайда, осы бір құндылығымыздың қазіргі хәлі қоғамда күдік туғызуда. Сауалнама жасау арқылы жастарды былай қойып, халық қазынасымен туыстығы жоқ ересектердің де жетіп-артылатынына көз жетті. Оған себеп болған насихатталуы ма, әлде заманауилықтың әсері ме?! Оны ең алдымен, өнер иелерінің өзінен сұрап көрелік.

Шүкіманов Еркін, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваториясының «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы, дәстүрлі әнші:

- Ұлттық музыканың деңгейінің төмендеуінің себебі – мемлекет тарапынан көңіл аударылмайды. Ұлттық музыкаға үлкен лауазым керек. Айтыста қатысушының барлығы қоржындарына машина, ақша міндетті түрде салып қайтады. Ал, дәстүрлі ән байқауында бас жүлдеге 500 мың теңгемен қайтарады. Ол ақша ма? Екінші, БАҚ-тың тікелей қатысы бар. Алайда, қазіргі журналистер дәстүрлі музыканы дәріптеуге даяр емес, білімдері таяз. Журналист өнерден хабарсыз болып тұрса, қарапайым халықтан не сұрайсың?! Үшінші, дәстүрлі әннің тізгіні эстрадалық әнмен бірге тартылып тұрған жоқ. Ал, енді эстрадаға салынған халық әндеріне келсек, олардың да өз сұрпы бар. Мәселен, Біржан салды «Айтбайын» эстрадаға салсаң не болады?! «Гаухартасты» орындады бір қыздар эстрадамен жартылай жалаңаш. Ол ән тіпті жігіттер айтатын ән. Сондықтан, оның бағамын білу керек.

Олжас Отарбаев, ақын:

- Сырттан келіп жатқан жат дүниелер заман мен адам ойын өзгертті. Халықтың сұранысы өзгерді. Мен де өлеңдерімді заман талабына сай етіп жазамын. Ал, дәстүрлі әнді дәріптеуге келсек, ол сіздердің қолдарыңызда. Яғни, БАҚ-тың басты міндеті – қоғамға пікір қалыптастыру.

Сонымен, мәдениет өкілдерінің ойына сүйенсек, насихат деңгейінің кеміп-артуы журналист қауымына тәуелді болса керек. Телеарналардағы «Телқоңырдан» өзге дәстүрлі әнді дәріптейтін бағдарламаның жоқтың қасы екендігіне налитын көрінеді.

Ал, ұлт сенімі – жастар пікірінде ойға түюге болатын ақиқат бардай. Оған сауалнама барысында көз жеткіздік. Ұлттық музыканың құлақ пен жүрекке сіңуі мектепке байланысты. Бізде, мектепте қалай?! Музыка пәнін 11 жылдың бір жылына ғана енгізген. Бұл уақытта өзге де ғылымдардың әліппесімен танысып жатқан бала музыканы әлбетте жәй пән ретінде қабылдайды. Бұл – бірінші үлкен мәселе.

Екіншіден, қазақ халқы – әлімсақтан думаншыл-сауықшыл халық. Оған серілеткен Біржан мен Ақандай әнші ата-бабаларымыздың өнерлі өмірі куә. Қазіргі таңда тойлардың сәні болып жүрген, мәтінін айтып жатқан әншінің өзі түсінбейтін даңғаза әуендердің қанат жайған уағы. Халықтың сұранысы – әншілерге байланысты. Тойбастар ретінде осы бір дәстүрлі және халық әндерін шырқап жіберсе, жиынның жүзден бір адамының бойына сінетіні сөзсіз.

Ал, үшінші мәселе – жастардың өз қолымен шешілсе керек. Бүгінде, қала аллеяларында, ауылдардың кешкі отырыстарында жиі орын алып жатқан «Dombura party» ойын-сауығы. Бұл да дәстүрлі және халық әндерінің бірден-бір насихатшысы.

Міне, осындай оңай әрі оңды тәсілдер арқылы осы бір үлкен мәселенің шешіміне жол аша аламыз. Қандай мәселе туындасын, оған билік те, халық та және БАҚ та кінәлі емес. Жанашыр ұлт, ата салтын жалғастырушы ұрпақ ретінде әрбіріміз жауаптымыз!

Даурен Жолдасов,
магистрант 1 курса, специальность
«Связь с общественностью»
Научный руководитель:
к.ф.н. Аргынбаева М.Х.

Влияние рекламы на потребительское поведение современной казахстанской молодежи

Аннотация. В статье представлены результаты авторского исследования влияния рекламы на потребительское поведение молодежи. Проведены анализ отношения молодых людей к качественным характеристикам современной рекламы и оценка возможностей влияния рекламы на формирование потребительских предпочтений.

Ключевые слова: молодежь, реклама, влияние, потребительское поведение, потребности, потребительские предпочтения, потребительская социализация.

Abstract. The article presents the results of the author's research of advertising influence on young consumer's behaviour. The analysis of the attitude of young people to qualitative characteristics of modern advertising is made. The assessment of capabilities of advertising influence on consumer preferences is done.

Keywords: young people, advertisement, influence, consumer behaviour, needs, consumer preferences, consumer socialization.

Реклама - коммерческое и социокультурное явление, которое активно участвует в общественной жизнедеятельности, направлено на производство информации, мощно воздействующей на поведение и ценностные установки населения [1].

В современных казахстанских условиях СМИ играют очень важную роль в формировании сознания молодежи. Здесь непосредственным механизмом влияния является реклама. Бесчисленные рекламные ролики, которые постоянно присутствуют на наших телеэкранах, сообщают о важных и полезных свойствах того или иного товара, а также широком спектре продуктов потребления, о которых ранее не подозревали. Принято считать, что реклама неким образом формирует у нынешней молодежи представления об образе жизни.

Актуальность рассмотренной темы объясняется несколькими причинами. Во-первых, переход Казахстана к рыночной экономике повысил уровень изучения поведения потребителей многочисленных социальных групп. В частности, потребительское поведение казахстанской молодежи формируется под мощным влиянием общей экономической и социальной среды, средств массовой информации и рекламы. Вторая причина - реклама, как инструмент побуждения, подталкивает к приобретению определенных товаров и услуг, но также определяет потребительские стандарты, способствует формированию взглядов и ценностей в обществе. Возрастные особенности и занимаемый статус в обществе являются важнейшими показателями того, насколько сильно реклама влияет на молодежь, чем на другие социальные группы. В-третьих, для казахстанской молодежи реклама является важным инструментом потребительской социализации.

Воздействие рекламы на молодую потребительскую аудиторию характеризуется не только прямо (побуждение к приобретению), но и косвенно (воздействие на ценности).

В данной статье сделана попытка определить характер и степень влияния рекламы на молодежь.

Студенты ВУЗов являются одной из самых социально-экономически грамотных и интеллектуальных групп в среде молодежи, поэтому они выступают наиболее требовательными и осведомленными покупателями. Ее можно считать особой группой, которая в отношении новых и трендовых товаров отличается повышенной

потребительской активностью, отличительные черты - обширный спектр потребностей, склонность к спонтанным и неожиданным покупкам, ориентированность на личный комфорт.

Влияние рекламы для обычной молодежи может остаться незамеченным, так как, покупая тот или иной товар или продукт, они вряд ли отдадут себе отчет в том, что увидели рекламу по телевидению, что в ней запомнилось или понравилось. Между тем выясняется, что эта группа потребителей почему-то приобретает именно этот определенный продукт, а не другой [2]. Это означает, что рекламная кампания – четко продуманный побуждающий инструмент, который направлен на формирование потребности.

Стоит отметить, что студенчество также выделяется среди других социальных групп молодежи нацеленностью на саморазвитие. Они первыми приобретают продукты и услуги, при этом стимулирующе воздействуют на поведение других групп молодежи. Существенный вклад в теорию потребительского поведения, в частности молодежи, внесли теория демонстративного потребления Т. Веблена, модель целерационального поведения М.Вебера и других ученых. Не меньшую научную ценность представляют работы Ж. Бодрийяра и П. Бурдьё [3].

Прямое воздействие коммерческой рекламы на молодых потребителей производится путем актуализации существующих потребностей, а также посредством оказания влияния на формирование новых потребностей и мотивов [4]. У студентов, в зависимости от характера их деятельности, отмечается довольно высокий уровень запоминаемости рекламной информации, которая оказывает большое влияние на их потребительское решение.

Согласно результатам проведенного автором социологического опроса в период с 25 февраля по 2 марта 2016 года среди студентов КазНУ имени аль-Фараби, отношение молодежи к рекламе является довольно неоднозначным.

Анкета состояла из девяти вопросов закрытого типа, которые затрагивали различные аспекты, связанные с влиянием рекламы на потребительское поведение.

Цель опроса - выявление отношения студентов к рекламе в целом, а также, в какой форме лучше всего реклама воздействует на целевую аудиторию. Участники опроса имели возможность внести свои предложения для совершенствования рекламного сообщения.

В опросе приняли участие 100 респондентов (31 респондент – мужского пола, 69 - женского), в возрасте 17-18 лет (43 респондента), 19-20 лет (26 респондентов), 21 – 22 лет (23 респондента) и старше 22 лет (7 респондентов). Свое влияние при выборе товаров и услуг реклама оказывает на 69,69 процентов опрошенных, из этого следует вывод, что реклама как инструмент маркетинговых коммуникаций эффективна в своей потребительской аудитории.

На следующий вопрос “Помогает ли Вам реклама сделать выбор в пользу какого-либо товара?” положительно ответили 51 процент респондентов, это свидетельствует о том, что целевая аудитория при выборе товара предварительно руководствуется рекламой (о ее выгодах, положительных качествах и пр.). Несмотря на это, на вопрос “Как вы относитесь к рекламе”, целевая аудитория преимущественно высказалась негативно, о чем свидетельствует статистика - 56 респондентов относятся к рекламе негативно (реклама навязчивая, несет не совсем достоверную информацию, манипулирует сознанием) против 38 респондентов – которые относятся к рекламе положительно (нужная и важная информация для студентов как для потребителей).

Согласно полученным результатам социологического опроса, наиболее эффективно студенты воспринимают визуальный рекламный носитель, чем аудиорекламу (54,55 процентов против 45,45 процента).

Следующий блок состоял из практически идентичных вопросов (Как вы относитесь к рекламе на ТВ / газете / Интернете). К рекламе на ТВ подавляющее большинство

студентов относятся крайне негативно – 65, 66 процентов, так как возможность просмотра ТВ для них ограничен объективными причинами, они не хотят видеть рекламу на ТВ ни в какой форме. Газетная реклама не вызвала резкую отрицательную или положительную реакцию среди целевой аудитории (87 процентов респондентов отозвались нейтрально), потому что газетный материал не интересен студентам. На последний вопрос “Как вы относитесь к рекламе в Интернете” студенты ответили следующим образом: 58 процентов - положительно, 40 процентов - отрицательно, 2 процента - не воспринимают рекламу. Это связано с тем, что реклама в Интернете таргетирована, вследствие чего она соответствует проявленным интересам и запросам аудитории, чем реклама на ТВ или газете.

Анализируя результаты полученных в ходе исследования данных, можно сделать несколько выводов. Молодая потребительская аудитория в большей степени лояльно относится к количеству и наличию рекламы в современных казахстанских средствах массовой коммуникации. Молодежь ежедневно воспринимает огромный поток рекламной информации, но мало кто из них задумывался о том, что находится под ее постоянным влиянием. И хотя теоретическую возможность воздействия рекламы на людей представители молодежи признают, они все же отрицают возможность ее влияния на их собственные потребительские решения. Тем не менее, просматривая телепрограммы, слушая радио, листая глянцевого журналы, молодые потребители ежедневно получают большую дозу информации, влияющей на формирование их потребностей [5]. Так и зарождается потребность современной молодежи в повышении уровня жизни, карьерной успешности, лидерстве и признании. Реклама так или иначе побуждает молодежь приобретать товары, однако стоит упомянуть о том, что здесь влияние рекламы строго ограничено, во-первых, финансовыми средствами, которыми располагает аудитория, во-вторых, их потребностями. Более того, реклама может побудить к совершению приобретения повторно лишь в случае, если товар будет соответствовать ожиданиям потребителя.

Нынешняя реклама, которая занимает значительный объем информационного потока и серьезно влияющая на экономическое поведение людей, стала важным фактором культурной жизни общества [6]. Ее важность и значимость выходят за рамки маркетингового инструмента: реклама уже не просто побуждает к покупке, а делает это целенаправленное и сознательное формирование новых ценностных ориентации и устоев, образов и норм поведения, на подражание, которым руководствуется молодежь. Реклама влияет не только на потребительское, но также на поведение и социальное сознание аудитории. Этот эффект достигается благодаря формированию оценок ценностей, явлений и фактов, выработке искусственных потребностей и новых способов их удовлетворения.

Стоит отметить, что в современной рекламе материальные ценности уже полностью доминируют над ценностями семьи, здоровья, нравственно-духовными и образовательно-культурными ценностями, которые являются основной платформой социокультурного развития общества и эффективного взаимодействия всех его участников. Презентуя ценности материального благополучия, гедонизма и индивидуализма, реклама оказывается в противоречии с потребностями общества, что находит свое отражение в приоритетах и ценностях современной казахстанской молодежи.

Список использованной литературы:

1. Савельева О. О. Социология рекламного воздействия / О. О. Савельева. – М. : РИП-холдинг, 2006. – С. 284.
2. Дымшиц М. Н. Манипулирование покупателем / М. Н. Дымшиц. – М. : Омега-Л, 2004. – С. 252.

3. Адамьянц Т. З. Задачи и методы изучения процессов телекоммуникации / Т. З. Адамьянц // Исследования аудитории: ТВ, радио, Интернет. – М.: Медиакомитет, 2005. – С. 352.
4. Loudon D., Bitta A.J., Della. Consumer Behavior. Concepts and Applications. Third edition. New York et al.: McGraw-Hill Book Company, 1988.
5. Золотухин С. А. Современный студент, интернет-технологии, совершенствование переходного общества / С. А. Золотухин, В. В. Шахгулари ; Университет международного бизнеса. – Алматы, 2004. – С. 424.
6. Аронсон Э. Эпоха пропаганды: Механизмы убеждения, повседневное использование и злоупотребление / Э. Аронсон, Э. Р. Пратканис. – Перераб. изд. – СПб. : Прайм-еврознак, 2005. – С. 384.

